ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ
Сынамаларды іріктеу жөніндегі басшылық

МОЛОКО И МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ
Руководство по отбору проб

ҚР СТ ИСО 707-2011

(ISO 707:2008, IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Сынамаларды іріктеу жөніндегі басшылық

ҚР СТ ИСО 707-2011

(ISO 707:2008, IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2011 жылғы 20 қарашадағы № 636-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 707:2008 Milk and milk prodakts – Guidance and campling (Сүт және сүт өнімдері. Сынамаларды іріктеу жөніндегі басшылық) халықаралық стандартымен сәйкес. Анықтамалық сипаттағы нақты ақпарат мәтінде көлбеу жазумен берілді.

Халықаралық стандартты ISO/ТК 34 «Тағам өнімдері» комитеті, ПК 5 Сүт және сүт өнімдері шағын комитеті және Халықаралық сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының федерациясы (IDF) әзірледі.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

Осы стандарттың дайындалуына негіз болған және сілтеме берілген халықаралық стандарттардың ресми даналары ҚР ИЖТМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Мемлекеттік техникалық регламенттер және стандарттар қорында бар.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

Мемлекеттік стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер Д.А қосымшасында келтірілді

4 Осы стандартта

2007 жылғы 21 шілдедегі № 301-III «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы»,

2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы»,

2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңдарының

және 2008 жылғы 11 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Сүттің және сүт өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің (2010 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша өзгерістерімен) ережелері жүзеге асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2016 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарттың өзгертулері туралы ақпарат «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні – «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті хабарлама «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Жалпы ережелер	2
5 Жабдықтар мен аспаптар	4
6 Сынамаларды іріктеу	6
7 Сынамаларды консервілеу	6
8 Сынамаларды сақтау және тасымалдау	6
9 Сүт және сұйық сүт өнімдері	8
10 Қойылтылған қантсыз сүт, қойылтылған қантты сүт және маңыздандырылған сүт	11
11 Сары май мен сары ірімшікті қоспағанда, жартылай қатты және қатты сүт өнімдері	14
12 Тағамдық мұздар, мұз-шала фабрикаттар және басқа да мұздатылған сүт өнімдері	16
13 Құрғақ сүт және құрғақ сүт өнімдері	17
14 Сарымай және аралас өнімдер	19
15 Сүт майы (қорытылған май) және аралас өнімдер	21
16 Сары ірімшіктер	22
А қосымшасы (ақпараттық). Сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтардың мысалдары және сынамаларды іріктеу нысандары	26
В қосымшасы (ақпараттық). Тағам өнімдерінің суытылған, мұздатылған және тез мұздатылған сынамаларын тасымалдауға арналған жылуоқшаулағыш ыдыс	41
С қосымшасы (ақпараттық). Оқшауланған тасымалдау ыдыстарын пайдалануға қатысты қосымша ақпарат	45
D қосымшасы (ақпараттық). Сары ірімшік мысалында сынамаларды іріктеу акті	46

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Сынамаларды іріктеу жөніндегі басшылық

Milk and milk prodakts – Guidance and campling

Енгізілген күні 2012-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт, атап айтқанда, сүт және сүт өнімдерін қатысты және бақылаудың (сынақтардың) мақсаты мен түріне байланыссыз микробиологиялық, химиялық, физикалық және түйсіктік талдаулар (бақылау) жүргізуге арналған сынамаларды іріктеу тәртібін белгілейді.

Стандарттар көзделген сынамаларды іріктеу рәсімдері сүт өнімдерін өндіру үдерісінде және айналымында қолданылады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын сүт және сүт өнімдерінің сынамаларын іріктеуде осы стандарттың ережелері 2009 жылғы 3 желтоқсандағы № 690 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің міндетін атқарушының Бұйрығына қайшы келмейтіндей қолданылады.

Осы стандарт сынамаларды (жартылай) автоматтандырылған талаптарды белгілемейді.

ЕСКЕРТУ [9] сілтемені де қараңыз.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта төмендегі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған. Күні көрсетілген сілтемелер үшін көрсетілген басылым ғана қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін нормативтік құжаттың (кез келген өзгерістерді қоса алғанда) соңғы басылымы қолданылады.

Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамаларын іріктеу ережелері. 2009 жылғы 3 желтоқсандағы № 690 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің міндетін атқарушының Бұйрығымен бекітілген.

ISO 7002:1986[1)], Agricultural food products - Layaut for a standard method of sampling from a lot (Ауылшаруашылық тағам өнімдері – Партиядан сынамаларды іріктеудің стандартты әдісінің сұлбасы).

[1)] [11] сілтемеге сәйкес қолданалады

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта ISO 7002 стандартында келтірілген терминдер, сондай-ақ төмендегі терминдер тиісті анықтамаларымен пайдаланылады.

3.1 Зертханалық сынама (laboratory sample): Зертханаға жеткізілуге дайындалған және бақылауға немесе сынауға арналған сынама.

[ISO 78-2:1999 стандартынан алынды ([1] стандарттың 3.1-тармағын қараңыз)].

3.2 Сынама үлесі (test portion): Бақылау немесе сынау жүргізу үшін зертханалық сынамадан алынған материал мөлшері.

[Взято из изменения к ISO 78-2:1999 стандартына енгізілген өзгерістен алынды ([1] стандарттың 3.3-тармағын қараңыз)].

ЕСКЕРТУ Сүт және сүт өнімдері сынамаларының көлемі әрі қарай өңдеуді талап етуі мүмкін, мысалы, сынақ нәтижелерін бұрмалайтын құрама бөліктерді жою, құрама бөліктердің асептикалық экстракциясы немесе ұсақталуы.

4 Жалпы ережелер

Осы стандарт сынаманы іріктеуге қатысушылар үшін заңдық құжат болып табылмайды. Стандартта көзделген сынамаларды іріктеу рәсімдерін міндетті түрде қолдану үшін осы стандартқа немесе тараптардың басқа келісіміне сілтеме бере отырып, жазбаша нысанда келісімшарт қабылдау қажет.

ЕСКЕРТУ Келісімшарт (тараптардың келісімі) ретінде осы стандартқа және осы стандарттың тараулары мен тармақтарында келісілген басқа ережелерге сілтеме берілген сынамаларды іріктеу акті пайдаланылуы мүмкін.

Сапалық белгілер бойынша бақылау кезінде сынамаларды іріктеуге қажетті өнім бірліктерінің саны ISO 5538 - [3] стандартына сәйкес белгіленеді. Сапалық белгілер бойынша бақылау үшін сынамаларды іріктеу ISO 8197 - [5] стандартына сәйкес белгіленеді.

Егер тараптардың келімінде сынамаларды іріктеудің ерекше шарттары келісілмесе, онда сынамаларды іріктеу кезінде төмендегі рәсімдерді қолдану міндетті болып табылмайды:

а) қатысатын тараптарға немесе олардың өкілдеріне сынамаларды іріктеуді орындау кезінде қатысуға мүмкіндік берілуге тиіс.

в) сынамаларды іріктеуге ерекше талаптар келтірілген және(немесе) олар орындалуы қажет нақты талдау кезінде туындайтын барлық жағдайларда осы талаптар орындалуға тиіс.

4.1 Сынамаларды іріктеумен айналысатын қызметкерлер[1)]

Сынамаларды іріктеуді сынамаларды іріктеудің және(немесе) бақылаудың (сынаудың) тиісті әдістерін арнайы оқытудан өткен, осы жұмыстарды орындауға арнайы рұқсатнамасы бар уәкілетті тұлғалар жүргізуге тиіс.

[1)] Кейбір елдерде сынамаларды іріктеуге тиісті ант берген адамдарды тарту тәжірибесі бар.

4.2 Сынамаларды пломбалау және таңбалау

Сынамалар сәйкестік нөмірі, сынамаларды іріктеуге жауапты уәкілетті тұлғаның (4.1) тегі және қолдары (немесе инициалдары) міндетті түрде көрсетіле отырып, өнімді және оның шығу табинатын толық сәйкестендіруге мүмкіндік беретіндей тиісті түрде пломбалануға (егер қатысушы тараптардың арасында тиісті заңдық келісімшарт немесе келісім болса) және таңбалануға тиіс.

Қажет болған жағдайда басқа да ақпаратты енгізуге болады: мысалы, сынамаларды іріктеу уақыты, сынамаларды іріктеу мақсаты, сынамалардың салмағы немесе көлемі, сондай-ақ сынама іріктеліп алынған өнім бірлігі, өнімнің жай-күйі және сынамаларды іріктеу сәтінде оны сақтау шарты.

4.3 Қайта сынау

Егер сынамалардың алғашқы іріктеуі қажетті нәтижелер бермесе, сынамаларды қайтадан іріктейді және оларды пайдалану нәтижелері соңғы мәнді береді. Сынамалар, егер бұл 4.1-тармақта көрсетілген құжатта келісілсе, екі реттен артық іріктеледі.

Егер мүдделі тараптардың арасында тиісті келісім болса, даулы жағдайларды шешу үшін қосымша (төрелік) сынамалар іріктеліп, сақталып қойылады.

4.4 Сынамаларды іріктеу акті

Сынамаларды сынамаларды іріктеу бойынша уәкілетті қызметкер қол қойған немесе оның инициалдары бар (4.1.) және егер бұл соншалықты қажет немесе қатысушы тараптардың арасында тиісті келісім болса – куәгерлердің қатысуында екінші тарап қол қойған актімен алып жүру керек.

Акт кем дегенде төмендегі ақпараттан тұруға тиіс:

a) сынамаларды іріктеудің орны, күні және уақыты (егер қатысушы тараптардың арасында тиісті келісім болса, уақыт қана көрсетіледі), егер олар нақты өнім түрлерін сынау әдістеріне арналған құжаттарда белгіленбеген болса;

b) сынамаларды іріктеу жөніндегі уәкілетті қызметкердің, сондай-ақ барлық куәгерлердің тегі және координаттары;

c) сынамаларды іріктеудің дәл әдісі, соның ішінде сынаманы дайындау жіне гомогендеу әдісі;

d) өнімдер партияларының кодтық таңбалануымен бірге, егер олар қолжетімді болса, партияны құраушы өнім түрі (түрлері) және бірлік саны;

e) сынамалар іріктелген партияның сәйкестік нөмірі және кез келген кодтың таңбалануы;

f) сынамалар іріктелген партияға тиісті ретінде тиісті түрде сәйкестендірілген сынамалар мөлшері;

g) қажет болған жағдайда, сынамалар жеткізілетін орын;

h) егер бұл мүмкін болса, өндірушінің, сатушының немесе өнімді қаптауға жауапты адамдардың тегі мен мекенжайы.

Бұл қажет болған жағдайда акт сондай-ақ кез келген болып жатқан шарттар мен жағдайлар туралы ақпараттан (мысалы, өнімді іріктеуге арналған ыдыстардың жай-күйі, қоршаған ортаның температурасы мен ылғалдылығы, өнімнің жарамдылық мерзімі, сынамаларды іріктеуге арналған жабдықты зарарсыздандыру әдісі, сынамаға консервілеуші қоспалар қосу қажеттілігі туралы) және сынамалары іріктелетін өнімге қатысты, мысалы, өнімді біртекстіі күйге келтіру қиындықтары туралы, кез келген арнайы ақпараттан тұруға тиіс.

Сынамалар үлесінің көлемдері және сынамалар үлесін күтіп ұстау жүргізілуі жоспарланатын сынақтарға байланысты ерекшеленеді. Олар туралы ақпаратты осы сынақтар белгіленетін мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттардың тиісті тармақтарынан табуға болады.

Сынамаларды іріктеу сондай-ақ зертханалық сынаманы дайындауды да қамтиды. Демек сынамаларды іріктеу акті не жеке зертханалық хаттама зертханалық сынамалар қандай түрде дайындалғандығын айқын белгілеуге тиіс. Сынамаларды іріктеу актілері тиісті құзыретті органдарға сынақ хаттамаларымен бірге түседі. Сары ірімшікке арналған сынамаларды іріктеу актінің мысалы D қосымшасында келтірілді (сондай-ақ 16.3-тармақты қараңыз).

5 Жабдықтар мен аспаптар

5.1 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтар мен аспаптар

5.1.1 Жалпы ережелер

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтар сынаманың жүгізілетін сынақтардың немесе бақылаудың нәтижелеріне әсер етуі мүмкін өзгерістерін тудыруға қабілетсіз тот баспайтын болаттан немесе тиісті беріктіктегі ұқсас материалдан дайындалуға тиіс.

Барлық беттер тегіс болуға тиіс және жарықтары болмауға тиіс. Барлық бұрыштары, 5.1.2-тармақта аталған D әдісінің жағдайларын қоспағанда, жұмырланған болуға тиіс. Қолданар алдында жабдық құрғақ болуға тиіс.

5.1.2 Микробиологиялық сынақтар үшін

Микробиологиялық зерттеулер үшін сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтар таза және пайдаланар алдында зарарсыздандырылған болуға тиіс. Бір рет пайдаланылатын пластик жабдық зарарсыздандырылған болуға тиіс.

Егер жабдықты дайындау кезінде дәнекерлеу қолданылса, ол 180 °С температураға шыдауға тиіс. Зарарсыздандыруды мүмкіндігінше төменде аталған үш әдістің бірімен жүргізу керек:

a) A әдісі: кем дегенде 1 сағат немесе балама уақыт ішінде 170 °С температурада ыстық ауамен өңдеу (ISO 7218 [4] стандартын қараңыз);

b) B әдісі: кем дегенде 15 минут ішінде (121 °С ± 1) °С температурада автоклавта бумен өңдеу (ISO 7218 [4] стандартын қараңыз);

c) C әдісі: γ-сәулеленудің жеткілікті мөлшерімен өңдеу.

Осы әдістердің бірімен (A, B немесе C) зарарсыздандыру рәсімінен кейін сынамаларды іріктеуге арналған жабдықты оның сынамаларды іріктеуде пайдалану сәтіне дейін зарарсыздығы қамтамасыз етілетін жағдайда сақтау керек.

Егер ерекше жағдайларда A, B және C әдістерімен зарарсыздандыру мүмкін болмаса, сынамаларды іріктеуге арналған жабдықты тікелей өңдеуден кейін пайдалану шартымен төменде көрсетілген бала әдістердің бірін қолдануға жол беріледі. Сонымен қатар бұл әдістерді қосалқы әдістер ретінде ғана қарастыру керек.

d) D әдісі: Сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтың барлық жұмыс беттерін тиісті түрдегі жалынды пайдалану арқылы өңдеу;

e) E әдісі: қойырлығы 70 %-дан кем емес (көлемі бойынша) этиль спиртіне салу, содан кейін 5 минут ішінде құрғату;

f) F әдісі: Жабдықта қойырлығы 96 % (көлемі бойынша) этиль спиртін жалындату (5.5.2-тармақты қараңыз).

D немесе F әдістеріне сәйкес өңдеуден кейін сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтың сынамаларды іріктеу алдында зарарсыздықты сақтау мақсатында тиісті жағдайларда суыту керек.

5.1.3 Химиялық және физикалық талдаулар, сондай-ақ түйсіктік зерттеулер үшін

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық таза және құрғақ болуға тиіс және өнімнің иісі, дәмі, консистенциясы және құрамы сияқты қасиеттеріне әсер етпеуге тиіс. Кейбір жағдайларда өнімнің микробпен ластануын болдырмау мақсатында 5.1.2-тармаққа сәйкес өңделген жабдық талап етіледі.

Сынамаларды таңбалау өнімнің қасиетіне немесе құрамына әсер етпеуге тиіс. Таңбалау үшін иісі болмайтын құралды, мысалы, өткір иісі болмайтын зияны немесе фломастерді, пайдалану қажет.

5.2 Сынамаларға арналған ыдыстар

Сынамаларға арналған ыдыстар мен қақпақтар сынаманы сынақ немесе бақылау нәтижелеріне әсер етуге қабілетті өзгерістерден тиісті түрде қорғайтын материалдардан дайындалуға және құрылымы болуға тиіс. Мұндай материалдарға шыны, кейбір металл материалдар (мысалы, тот баспайтын болат) және пластмассалардың кейбір түрлері (мысалы, полипропилен) жатады.

Ыдыстар негізінен мөлдір болмауға тиіс. Қажет болған жағдайда, толтырылған мөлдір ыдыстарды қараңғы жерде сақтау керек. Ыдыстар мен қақпақтар құрғақ, таза және не зарарсыздандырылған, не 5.1.2-тармақта сипатталған әдістердің біріне сәйкес өңдеуге лайықты болуға тиіс. Өндірістік алаңдар шегінде сынамаларды іріктеу үшін шыны ыдыстарды пайдаланбау керек.

Ыдыстардың пішіні мен сыйымдылығы сынама іріктелетін өнімге қойылатын нақты талаптарға сәйкес болуға тиіс. Сондай-ақ бір рет пайдаланылатын пласмассалық ыдыстарды және тиісті беріктіктегі алюминий фольганы (зарарсыздандырылған немесе зарарсыздандырылмаған), сондай-ақ тиісті түрде тығындау әдістері бар лайықты пластик қаптарды пайдалануға жол беріледі.

Пластик қаптардан басқа сынамаларға арналған ыдыстар не лайықты тығынның көмегімен, не металл немесе пластмасса материалдан жасалған бұралып жабылатын қақпалардың көмегімен сенімді тығындалуға тиіс. Бұралып жабылатын қақпақтың, қажет болған жағдайда, еріп кетпейтін, сұйықтық сіңіру қасиеті болмайтын, май өтпейтін және сынаманың құрамына, қасиетіне, иісіне немесе дәміне әсер ету қасиеті болмайтын сұйықтық өтпейтін пластмассалық төселгіші болуға тиіс. Егер қақпақтар пайдаланылатын болса, онда олар иісі және дәмі болмайтын сұйықтық сңіірмейтін материалдан дайындалуға немесе жабылуға тиіс.

Микробиологиялық талдаулар жүргізу кезінде пайдаланылатын сынамаларға арналған ыдыстар, тіпті оларға төселгіштер салынатын болса да, қабықты тығындармен немеес қабықты төселгіштері бар қақпақтармен тығындалуға тиіс. Қатты, жартылай қатты немесе тұтқыр өнімдерге арналған ыдыстардың аузы кең болуға тиіс.

Бөлшек саудадаға шағын ыдыстар сынамаларға арналған лайықты ыдыстар ретінде саналады; сынама бір немесе одан да көп бүлінбеген, ашылмаған ыдыстарға салынуға тиіс.

Суытылған, мұздатылған немесе тез мұздатылған сынамаларды тасымалдауға арналған оқшауланған ыдыстарға қойылатын талаптар В қосымшасында көрсетілді.

5.3 Сынаманы дайындауға арналған жабдық

Сынаманы дайындауға арналған техникалық жабдық нақты талдау әдістерінде сипатталуға тиіс.

5.4 Термометрлерге қойылатын техникалық талаптар

Сынамаларды іріктеу рәсімдерінде пайдаланылатын термометрлер валидтелуге және қажетті дәлдігі болуға тиіс.

5.5 Этил спирті

5.5.1 Этил спирті, көлемі бойынша қойырлығы 70 %.

5.5.2 Этил спирті, көлемі бойынша қойырлығы 96 %.

ЕСКЕРТУ Осы ерітінді гигроскопиялық және оның қойырлығы ұзақ уақыт ішінде өзгеруі мүмкін. Жаңадан дайындалған ерітінділерді пайдалану керек.

6 Сынамаларды іріктеу

Сынамаларды іріктеуді өнімнің іріктелген сынамаларын алатындай етіп жүргізу керек.

Егер микробиологиялық, химиялық және физикалық, сондай-ақ түйсіктік бақылауға арналған зертханалық сынамалар жеке іріктіп алынады, микробиологиялық зерттеулерді асептикалық әдісті және зарарсыздандырылған жабдық пен ыдысты пайдалана отырып, бірінші іріктеп алу керек (5.1.2-тармақты қараңыз).

Түйсіктік бақылауға арналған сынамаларды іріктеу кезінде сынамаларды іріктеуге арналған жабдыққа немесе сынамалардыі дәміне арналған сынама айналымды крандарға теріс әсерін болдырмайтын шараларды қабылдау керек (мысалы, Е және F әдісетерін пайдалануда, 5.1.2).

Сынамаларды іріктеудің дәл әдісі, пайдаланылатын өнімнің салмағы немесе көлемі өнімнің табиғатына және сынамалар қажет болған мақсаттарға байланысты болады.

Талаптар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 9-16-тармақтарда көзделген. Егер өнімдер ірі бөлшектерден тұрса, сынаманың минимальды мөлшерін көбейту қажеттілігі туындауы мүмкін. Сынамаларды сақтауға арналған ыдысты тікелей сынамаларды іріктегеннен кейін жабу керек.

Бөлшек саудадаға шағын ыдыстарды пайдаланған жағдайда сынама бір немене бірнеше ашылмаған ыдыста сақталуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда келесі сынама сынақ зертханасына тасымалдау кезіндегі температураны бақылау үшін іріктеледі.

7 Сынамаларды консервілеу

Микробиологиылық және түйсіктік бақылауға арналған сынамалар, әдетте, консерванттардан тұрады, сонымен қатар, оларды кейбір сүт өнімдеріне төмендегі жағдайларда қосуға болады:

a) сынақ зертханасы тиісті нұсқаулық әзірлеген;

b) консерванттың табиғаты жүргізілетін бақылауға әсер етпейді, мұнда құрылым мен дәмге сынақ жүргізілмеуге тиіс;

c) консерванттың табиғаты мен мөлшері сынамаларды іріктеу актінде және сынамалар таңбалануында көрсетіледі;

d) пайдаланылатын консерванттарға қатысты қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық сақталады.

Консервант белгілі бір жағдайларда талданатын сынаманың нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда қажетті түзету жасау керек.

8 Сынамаларды сақтау және тасымалдау

Сынамаларды сақтау мен тасымалдау сынаманың жай-күйі оны іріктеу сәтінде және сынақьтарды жүргізуді бастауға дейін дерлік өзгеріссіз қалатындай болуға тиіс.

Қажет болған жағдайда сынамаларды тасымалдау үдерісінде жағымсыз иістің, күн сәулесінің тікелей түсінің және басқа да қолайсыз жағдайлардың әсерін болдырмау үшін сақтық сақтау керек. Егер суыту қажет болса, сақтауға тиіс минимальды шарттар, бұл – температуралық ауқымдар, не заңнамалық түрде талап етіледі, не өндіруші белгілейді. Сынамаларды іріктегеннен кейінгі сақтау температурасына мүмкіндігінше тез қол жеткізілуге тиіс. Уақыт пен температураны бір біріне байланыссыз шамалар ретінде емес, бірге қарастыру керек.

Сақтау температурасы 1-кестенің талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Іріктеліп алынған сынамалар тікелей сынақ зертханасына жеткізіледі. Сынамалардың сынақ зертханасына жеткізілу уақыты минимальды болуға және 24 сағаттан аспауға тиіс.

Егер бұл қажет болса, сынамаларды сынақ зертханасының нұсқаулықтарына сәйкес жеткізу керек.

Сынақтарды тікелей сынама үлесін дайындалғаннан кейін жүргізу керек.

1-кесте – Сынамаларды консервілеу, сақтау температурасы және минимальды мөлшері

Сынамаларды тармаққа сәйкес іріктеу	Өнім	Химиялық және физикалық талауға арналған сынамлар үшін рұқсат етілген консервілеу	Сақтау температурасы[a], сондай-ақ тасымалдауға дейінгі және кейінгі температура болып табылады, °С	Қайта құрамдастырылған сынаманың минимальды мөлшері[b]
9	Зарарсыздандырылмаған сүт және сұйық сүт өнімдері	Иә	1-5	100 мл немесе 100 г
9	Зарарсыздандырылған сүт, УВТ сүт және ашылмаған бастапқы ыдыстардағы зарарсыздандырылған сұйық сүт өнімдері	Жоқ	Бөлме, макс. 30	100 мл немесе 100 г
9	Зарарсыздандырылған сүт, УВТ сүт және бір немесе одан артық бастапқы қаптамалардан алынған сүт өнімдерінен алынған сынамаларды іріктеуден кейінгі зарарсыздандырылған сұйық сүт өнімдері	Иә	1-5	100 мл немесе 100 г
10	Қойылтылған қантсыз сүт, қойылтылған қантты сүт, сүт концентраттары және зарарсыздандырылған концентраттар	Жоқ	бөлме, макс. 30	100 г
11	Сарымай мен сары ірімшікті қоспағанда, жартылай қатты және қатты сүт өнімдері	Жоқ	1-5	100 г
12	Тағамдық мұздар және мұз негізіндегі өнімдердің шала фабрикаттары	Жоқ	≤-18	100 г
13	Құрғақ сүт және құрғақ сүт негізіндегі өнімдер	Жоқ	бөлме, макс. 30	100 г
14	Сарымай және оның негізіндегі өнідер	Жоқ	1-5 (қараңғыда)	50 г
15	Сүт майы (қорытылған май және соған ұқсас өнімдер)	Жоқ	1-5 (қараңғы)	50 г
16	Жаңа сары ірімшік	Жоқ	1-5	100 г
16	Балқытылған сары ірімшік	Жоқ	1-5	100 г
	Сары ірімшіктің басқа да түрлері	Жоқ	1-5	100 г

1-кесте *(жалғасы)*

Сынамаларды тармаққа сәйкес іріктеу	Өнім	Химиялық және физикалық талауға арналған сынамлар үшін рұқсат етілген консервілеу	Сақтау температурасы[a], сондай-ақ тасымалдауға дейінгі және кейінгі температура болып табылады, °С	Қайта құрамдастырылған сынаманың минимальды мөлшері[b]

[a] Температураның бұл мәндеріжалпы басшылыққа алынатын нұсқаулар ретінде қарастырылады (ISO 7218 [4] стандартын қараңыз). Сынақтың нақты мақсаттары үшін температураның басқа сәндері лайықтырақ болуы мүмкін. Белгілі бір практикалық шарттарда, мұнда көрсетілген, әсіресе тасымалдау үдерісінде «иеальды» немесе қалаулы температураны үнемі ұстап тұру оңай емес немесе тіпті мүмкін болмайды. Сондықтан, бұл қажет болғанда, барлық жағдайларда лайықты ыдысты пайдалануға (сондай-ақ В қосымшасын қараңыз) және температураны қолайлы тәсілмен бақылауға және жазып алуға кеңес беріледі.

[b] Белгілі бір жағдайларда минимальды көлемдегі құрамдастырылған сынаманы түзі үшін бірқтар сынамаларды іріктеу қажеттігі туындауы мүмкін. Талап етілетін сынаққа және өнім типіне байланыстызертханалық сынамалар үшін үлкен көлем қажет болуы мүмкін. Егер бұған қарсы талдамалық және статикалық нәтижелер жоқ болса, аз көлемдегі сынама пайдаланылуы мүмкін. Аймақтық ерекшеліктерді, мысалы, сары ірімшікте, өлшеу үшін тіпті аз көлемдегі сынамалардың іріктемелері талап етілуі мүмкін.

9 Сүт және сұйық сүт өнімдері

9.1 Қолданымдылық

Осы тармақшада келтірілген нұсқаулар сары ірікшікті және пастерленген сүтке, майы алынбаған сүтке, жартылай майсыздандырылған және майсыздандырылған сүтке, тағамдық дәмдік толықтырғыштар қосылған сүтке, қаймаққа, ферменттелген (ұйытылған) сүтке, майдың сары суына, сұйық сүт сары суына және осыларған ұқсас өнімдерге қолданылады.

9.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық 5-тараудың талаптарына сәйкес болуға тиіс.

9.2.1 Қолмен араластыруға арналған жабдық

Сұйықтықты ірі ыдыста араластыруға арналған жабдықтың беті өнімдер массасында тиісті түрде араластыруды қамтамасыз ету үшін жеткілікті боуға тиіс. Ыдыстардың әртүрлі пішіндері мен көлемдеріне байланысты барлық мақсаттарға арналған жабдықтың да бір нақты дизайнын ұсынуға мүмкіндік жоқ, алайда ол араластыру кезінде ыдыстың ішкі беті бүлінбейтіндей етіп жобалануға тиіс.

9.2.1.1 Шағын ыдыстарда қолмен араластыруға арналған жабдық

Сұйықтықты шағын ыдыстарда араластыруға (мысалы, шелектер мен канистраларда) А.1-суретте көрсетілгендей құрылымдағы және көлемдегі араластырғыш (плунжер) лайықты. Араластырғыштың ұзындығы ыдыстың тереңдігі бойынша реттелуге тиіс.

9.2.1.2 Үлкен ыдыстарда қолмен араластыруға арналған жабдық

Үлкен ыдыстарды пайдалануға (мысалы, автоцистерналар мен фермерлік цистерналарда) А.2-суретте көрсетілген құрылымдағы және көлемдегі араластырғыш (плунжер) лайықты.

9.2.2 Механикалық жолмен араластыруға арналған жабдық

9.2.2.1 Орнатылған араластырғыштар

Орнатылған араластырғыштардың техникалық сипаттамалары мен құрылымы цистернада немесе басқа ыдыста араластырылуы қажет өнім түріне байланысты болады. Араластырғыштардың әралуан түрлері пайдаланылуы мүмкін, алайда осы стандарттың шеңберінде олардың әрбірі сипатталмайды.

9.2.2.2 Алмалы-салмалы араластырғыштар

Алмалы-салмалы араластырғыштар негізінен пропеллермен жеткізіледі және көліктік, автожол және теміржол цистерналарға қарау люгі арқылы енгізіледі. Араластырудың барынша үздік нәтижелеріне толтыру биіктігі 0,7 шамадан шамада тереңдікте қол жеткізіледі. Сұйық өнімдерді көлденең және тік араластыру үшін траластырғышты 5°-тен 20°-қа дейінгі бұрышқа еңкейтуге кеңес беріледі. Сынамаларды араластырудың, яғни айналымның жаңа болашағы зор тәсілдерін пайдалануға жол беріледі.

9.2.3 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

9.2.3.1 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

Сынамаларды іріктеу үшін нысаны мен көлемі А.3-суретте келтірілген сынама іріктеуші ожау лайықты болып табылады. Ожаудың конус тәрізді нысаны ожауларды біріне бірін салуға мүмкіндік береді.

9.2.3.2 Сынамаларға арналған ыдыс

Сынамаларға арналған ыдыстың сыйымдылығы олар сынамамен толқы толтырылатындай және сынаманы сынақ жүргізілгенге дейін талап етілетін араластыруды жүзеге асыру мүмкін болатындай болуға, бірақ мұнда тасымалдау кезінде шайқалмайтындай болуға тиіс.

9.2.3.3 Жылуоқшауланған көлік ыдыстары

В қосымшасын қараңыз.

9.3 Сынамаларды іріктеу

Барлық сұйықтықты ыдысты аудару жолымен, лайықты біртекті өнім алынғанға дейін, бірақ көбіктенуді болдырмай өнім салынған бір ыдыстан сондай көлемдегі екінші ыдысқа және одан кері қосу арқылы араластыру жолымен мұқият араластырады. 9.2.1 және 9.2.2-тармақтарда сипатталған жабдықты пайдалануға болады.

Сынама араластыра салысымен іріктеліп алынады. Сынамалардың минимальды көлемдері мен сынаманың лайықты температурасы туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

9.3.1 Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып бірінші алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс 5.1.2-тармаққа сәйкес өңделеді.

Асептикалық әдістерді қолдана отырып, 9.3.2-тармақта сипатталған рәсімдерге сәйкес әрекет етіледі.

9.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармаққа сәйкес өңделуге тиіс.

9.3.2.1 Сүтке арналған шағын ыдыстар, шелектер және канистралар

Сүт, мысалы, араластыру операциясының, араластырудың немесе плунжердің қозғалысымен мұқият араластырылады.

9.3.2.2 Сүтке арналған цистерналар мен бактар

Сүт механикалық тәсілмен кем дегенде 5 минут жеткілікті біртектілік дәрежесіне қол жеткізгенге дейін араластырылады. Егер цистерна кезеңдік, бағдарламанатын араластыру жүйесімен жабдықталған болса, онда сынамаларды іріктеуді араластырудың аз ғана ұзақтығынан кейін (1 минуттан 2 минутқа дейін) жүргізуге болады. Араластырғыштың пропеллері сүттің бетіне жақын орналасса, араластырғышты пайдаланбау керек, өйткені көбіктенуге алып келуі мүмкін.

9.3.2.3 Өлшеуге арналған шыны ыдыс

Сүттің таңдаулы сынамасын алу үшін сүтті өлшеуге арналған шыны ыдыста тиісті түрде араластыру өте маңызды. Өлшейтін шыны ыдысқа құйылатын сүттің құрамы әртүрлі болса және сынамаларды дұрыс іріктеу жүргізуге мүмкіндік бермесе, араластырудың жеткілікті дәредесіне қол жеткізілмейді. Мұндай жағдайда өнімді қосымша араластыру маңызды. Қосымша араласыту уақытын экспериментке байланысты белгілеу қажет. Сынамаға іріктеу жүргізілетін сүттің мөлшері өлшеуге арналған шыны ыдыстың сыйымдылығынан асып кетсе, сүттің бүкіл мөлшеріне арналған таңдаулы сынамасын алу керек.

9.3.2.4 Үлкен ыдыстар, резервуарлар, теміржол және автожол цистерналары

Сынама іріктеудің әрбір жағдайында сүт лайықты әдіспен, мысалы, механикалық араластыруды, тазартылған сығылған ауамен араластыру, көбік түзілусіз, немесе плунжердің көмегімен мұқият араластырылады.

Сығылған ауа пайдаланылғанда араластырылатын өнімге кез келген теріс әсер етуден сақтану керек.

Араластыру дәрежесін сүт тыныш күйде болатын уақыт кезеңімен үйлестіру керек.

Сүттің бетіне тым жақын орналастырылған араластырғыш пропеллері көбіктің түзілуіне алып келуі мүмкін. Көбіктің түзілуін болдырмау мүмкін болмаса, араластырғышты пайдалану керек.

Плунжердің немесе алмалы-салмалы араластырғыштың көмегімен автожол, теміржол цистерналарында немесе осыларға ұқсас көлемдегі ыдыстарды жүзеге асыралытын араластыру төмендегі жолдармен жүргізілуі керек:

a) Сынама ыдыс толтырылғаннан кейін 300 минут ішінде алынатын жағдайда сүтті плунжерді немесе араластырғышты қолдана отырып кем дегенде 5 минут араластыру керек. Егер сүт цистернада өте ұзақ уақыт сақталса, араластыруды кем дегенде 15 минутқа дейін ұзарту керек.

b) Цистерна, әдетте көлік, автожол және теміржол цистерналары, толықтай толтырылған жағдайда қаймақтың түзілуінен байқалатын сүтті тиісті түрде араластыруға механикалық араластыру жолымен ғана қол жеткізуге болады.

Түбінде шығаратын тесігі бар немесе басқа жерде орнатылған сынама іріктегіш краны бар үлкен ыдыстарды шығаратын тесік аймағында тіпті араластырудан кейін де ыдыстың ішіндегі үшін таңдаулы болып табылмайтын аз мөлшердегі сүт түзілуі мүмкін. Демек сынамаларды негізінен қарау тесігінен іріктеген дұрыс. Егер сынамалар шығаратын тесіктің клапанынан немесе сынама іріктегіш краннан іріктелетін болса, онда құрамының толықтығы тұрғысынан таңдаулы болып табылатын сынамаларға кепілдік беру үшін сүт жеткілікті мөлшерде құйылып алынады.

Кез келген нақты жағдайларда қолданылатын араластыру әдісінің тиімділігін жүргізілетін талдаудың барабар мақсаттары болып табылатындай етіп көрсету керек; араластыру тиімлігінің критерийі не ыдыстағы бүкіл заттың әртүрлі бөлігінен, не шығару

кезіндегі анықталған аралықтар арқылы цистерна тесігінен іріктелген сынамаларды талдау нәтижелерінің ұқсастығы болып табылады.

9.3.2.5 Құрылымы әртүрлі ыдыстар

Терең емес ыдыстардан сынамаларды іріктеу үшін арнайы жабдық қажет.

9.3.2.6 Бөлінген мөлшер

Егер көлемнің бір бөлігі ғана жеке сыналмаса, әрбір ыдыстан ыдыстың ішіндегіне араластырғаннан кейін таңдаулы сынаманы іріктеу қажет, сынама іріктелген мөлшер мен ыдыс сынамаларды іріктеу актісінде тіркеледі (4.4.). Таңдаулы мөлшердің әрбір үлесі олар іріктелген ыдыстағы мөлшерге пропорционал мөлшерде араластырылады. Сынаманы осы түрде алынған құрама сынаманы араластырғаннан кейін іріктеу керек.

9.3.2.7 Сынамаларды жабық жүйелерден іріктеу

Сынамаларды жабық жүйелерден іріктеген жағдайда (мысалы, ультражоғары температураны орнату, асептикалық әдістер) және, атап айтқанда, микробиологиялық талдау үшін, сынамаларды іріктеу үшін орнатылған жабдыққа арналған жұмыс нұсқаулықтарын сақтау керек.

9.3.2.8 Сатылымда бар ыдыстар

Сынаманы бүлінбеген және ашылмаған ыдыстарда ұсынады.

9.3.3 Сүттен өзгеше өнімдерге қолданымдылық

9.3.3.1 Майдың сары суы, ашытылған сүт, тағамдық-дәмдік толықтырғыштар қосылған сүт

Сүтке арналып сипатталған әдістердің ішінен барынша лайықтысы таңдалады және сынама май немесе басқа да қатты материал бөлініп алынғанға дейін іріктеледі. Егер бұлай болмаса, 9.3.1-тармаққа сәйкес біртекті өнімнен таңдаулы сынаса алуды қамтамасыз ету үшін әрекет етіледі.

9.3.3.2 Қаймақ

Қаймақты мұқият араластыру үшін плунжерді немесе механикалық араластырғышты пайдалануда ыдыстың түбіндегі қаймақ жоғарғы қабатынан бастап араластырылады.

Қаймақтың көбіктенуін, сапырылуын немесе шайқалуын болдырмау үшін плунжермен жұмыс істеу кезінде плунжердің дискісін қайтақтың бетіне көтермеу керек. 9.2.1-тармақта сипатталған жабдықты пайдалануға болады (А.1 және А.2-суреттерді қараңыз). Механикалық араластырғыштарды пайдалану кезінде ауаның түсуін болдырмау керек.

9.3.3.3 Сүт сарысуы

Сүт үшін сипатталған әдістердің ішінен барынша лайықтылары таңдалады.

9.4 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз.

10 Қантсыз қойылтылған сүт, қантты қойылтылған сүт және маңыздандырылған сүт

10.1 Қолданымдылық

Осы тармақта баяндалған нұсқаулықтар қойылтылған қантсыз сүтке, қойылтылған қантты сүтке және маңыздандырылған сүтке, сондай-ақ ұқсас өнімдерге қолданылады.

10.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

5.1-тармақты қараңыз.

10.2.1 Қолмен араластыруға арналған жабдық, 9.2.1 және 9.2.2-тармақтарды қараңыз.

10.2.2 Өнімнің ыдыстың түбіне жетуі үшін ұзындығы жеткілікті және ыдыстың

контурларының нысанын қайталайтын бір қыры бар кең қалақтары бар **араластырғыштар** (А.4-суретті қараңыз).

10.2.3 Ожаулар, 9.2.3.1-тармақты қараңыз

10.2.4 Өзектер, ұзындығы шамамен 1 м және диаметрі шамамен 35 мм.

10.2.5 Сынамаларды аралық іріктеуге арналған, сыйымдылығы 5 л, тесігі кең, 5.2-тармақтың талаптарын қанағаттандыратын **ыдыстар**.

10.2.6 Қасықтар немесе кең **шпательдер**.

10.2.7 Сынамаларға арналған ыдыстар, 5.2-тармақты қараңыз.

Сынамаларға арналған ыдыстардың сыйымдылығы олар сынамамен толық толтырылып, ыдыстың ішіндегіні сынақ алдында талап етілетін араластыруды жүзеге асыруға мүмкіндік болатындай болуға тиіс.

10.3 Қойылтылған қантсыз сүттің сынамаларын іріктеу

Сынама араластырыла салысымен іріктеледі, мұнда көбіктенуді болдырмау керек. Сынамалардың минимальды көлемдерін және сынамаларды іріктеудің лайықты температуралары туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

10.3.1 Сынаманы микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып бірінші алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс 5.1.2-тармақта сипатталғандай өңделеді.

Асептикалық әдістерді қолдана отырып, 10.3.2-тармаққа сәйкес әрекет етіледі.

10.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармақта сипатталғандай өңделуге тиіс.

10.3.2.1 Үлкен ыдыстар (мысалы, 2 кг және 4 кг)

Қойылтылған қантсыз сүт жеткілікті түрдегі біртектілік дәрежесіне қол жеткізілгенге дейін плунжердің көмегімен, қолмен араластырғаштың көмегімен араластыру, механикалық араластыру не бір ыдыстан екіншісіне құю арқылы мұқият араластырылады.

Көбік түзілудің азайту үшін шаралар қабылдау қажет; артық көбіктену сынамаларды іріктеу жүргізілетін өнімнің физикалық және түйсіктік сипаттамаларын өзгертуге алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар көптеген жағдайларда майдың жеткілікті бөлінуіне ыдысты, жоғарыда сипатталғандай, араластыруды жүзеге асырғанған дейін ең көп дегенде 30 минут ішінде 45 °С-тан аспайтын температурадағы суда ұстап тұрғанда қол жеткізіледі.

Егер біртектіліктің жеткілікті түрдегі дәрежесіне қол жеткізу қиын болса, таңдаулы зертханалық сынама алу үшін сынамаларды іріктеуге арналған бір ғана сол жабдықтың көмегімен жиналған өнімі бар ыдыстың әртүрлі аймақтарынан аралық сынамаларды іріктейді.

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

Таңбалауда және сынамаларды іріктеу актісінде (4.4.) сынама шағын сынамалардың қоспасы болып табылатындығын көрсету керек.

10.3.2.2 Өте үлкен ыдыстар (контейнерлер), салмағы 500 кг және одан артық және автожол цистерналары.

Негізінен араластыру сүт үшін сипатталғандай түрде жүзеге аырылады (9.3.2.4-тармақты қараңыз). Араластырудың қарқындылығы концентрация шамасына байланысты болады.

10.3.2.3 Сатылымда бар ыдыстар

Сынаманың минимальды көлеміне қарағанда көлемі үлкен ашылмаған ыдыстың ішіндегілер зертханалық сынаманы құрайды.

Егер сатуды бар жеке ашылмаған ыдыстың көлемі сынаманың минимальды көлеміне сәйкес келмесе, зертханалық сынама сатылымда бар бірнеше ашымаған ыдыстардың жиынтығынан тұратын болады. Бұл жиынтық 10.3.2.1-тармаққа бойынша дайындалады.

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

Егер сынаманы сатылымда бар ыдыстардан іріктеп алатын болса, оны 10.3.2.1-тармақта сипатталғандай алдын ала қыздыру керек.

10.4 Қойылтылған қантты сүттің және сүт концентраттарының сынамасын іріктеу

Сынаманы, көбіктенуді болдырмай отырып, тікелей араластыра салысымен іріктеу керек. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

10.4.1 Жалпы ережелер

Көптонналы ыдыстардан сынамалар іріктеу, әсіресе өнім анықталмаған және тұтқырлығы күшті болғанда өту қиын болуы мүмкін.

Сынамаларды іріктеу кезінде проблемалар сахароза мен лактозаның ірі кристалдарының болуы себебінен, өінімнің ішінде немесе қабырғаларда шөгуі мүмкін әртүрлі тұздардың шөгуі немесе өнімнің ірі кесектерінің түзілуі себебінен пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар сынамаларды іріктеуге арналған өзекті өнімі бар ыдысқа енгізгенде (10.2.4-тармақты қараңыз) және мүмкіндігінше үлкен көлемдегі ыдыста зерттеуден кейін шығарғанда туындауы мүмкін. Егер қант бөлшектерінің көлемі 6 мкм аспайтын болса, сынамаларды іріктеуде қиындықтан туындамайды.

Қойылтылған қантты сүт көбіне бөлме температурасында сақталатындықтан, ірі ыдыстардың ішіндегі затты талап етілетін температураға дейін жеткізуге кеңес беріледі. Резервуарлардағы кристалданған концентрат, егер резервуар жетекті араластырғыштармен жабдықталмаса, таңдаулы сынама алу үшін іріктелмейді.

Егер өнім гомогенделмеген болып табылса, атап айтқанда, кристалдар теңдей бөлінбесе, бұл факті сынамаларды іріктеу актісінде тіркеледі (4.4-тармақты қараңыз). Сынамаларды іріктеу тікелей араластырыла салысымен жүзеге асыралады.

10.4.2 Сынамаларды микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып әрқашан бірінші кезекте алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық пен ыдыстар 5.1.2-тармақ бойынша өңделеді.

Рәсімдер асептикалық әдістерді қолдана отырып, 10.4.2.1-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

10.4.2.1 Ірі ыдыстар

Егер бұл шеттік тип (тесік) болса, ыдысты ашу немесе шеттік қақпақты (бітеуішті) ашар алдында өнімі быр ыдыстың сыртқы ұшы немесе барабан, 5.1.2-тармақта сипатталғандай, мұқият тазартылады, өңделеді және суық зарарсыздандырылған сумен шайылады.

Бетті зарарсыздандыру үшін канистра этил спиртімен жалындату жолымен өңделуге тиіс (5.1.2-тармақты қараңыз) (егер қажеттілік болса, әрекетті қайталауға болады).

Асептикалық әдісті пайдалана отырып, 10.4.3-тармаққа сәйкес әрекет етіледі.

Оңай ағып кететін және консистенциясы біркелкі қойылтылған сүт жағдайында шеттік тесіктері бар барабандар айналдырылады. Өнім ағып жатқан кезде сынамаларды іріктеу жүргізіледі. Бұралып жабылатын қақпақтары бар шеттік тесіктерді дезинфекциялау қиын, сондықтан нақты шаралар қабылдау қажет. Егер өнім тұтқыр бола бастаса, 5.1.2-тармақта сипатталғандай, өңделген қасықты пайдалана отырып, 20 мм-ден 30 мм-ге дейінгі тереңдіктегі беткі қабатты алып тастап, содан кейін сынаманы іріктеу керек.

Беткі сынамаларды іріктеу кезінде сынамаларды іріктеу белгілі бір мақсаттарға арналған арнайы нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуге тиіс.

Сынамаларды іріктеу актісінде (4.4.) ірі ыдыстың типі көрсетіледі.

10.4.3 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармақта сипатталғандай өңделуге тиіс.

10.4.3.1 Ашық ыдыстар (қақпақты барабандар).

Ашу үдерісі кезінде ыдысқа басқа материалдардың түсіп кетуін болдырмау мақсатында ашуға дейін ыдыстың бір жағы мұқият тазартылады және құрғатылады. Ыдыстың ішіндегісін араластырғышты пайдалана отырып араластыру керек (А.4-суретті қараңыз). Ыдыстың қабырғасы мен түбіне жақын қалақтар кез келген жабысқан өнімді алып тастау мақсатында қолданылуға тиіс.

Ыдыстың ішіндегісі араластырғышты қиғаш түрде еңкейте отырып, көлденең және тік айналу қозғалыстарын кезекпен орындай отырып мұқият араластырылады, мұнда сынамаға ауаның түсуін болдырмау үшін шаралар қабылдау керек. Араластырғышты шығарып алып, оған жабысқан қойылтылған сүтті шпательдің немесе қасықтың көмегімен көлемі 5 л (10.2.5-тармақты қараңыз) ыдысқа салу керек. Араластырғышпен араластыру және оны алып тастауды 2 л немесе 3 л жиналғанша қайталау керек. Өнімді сынамаларды іріктеу алдында біртекті күйге келгенге дейін көлемі бойынша араластыру керек.

10.4.3.2 Бір ұшында немесе бір жағында тесіктері (бітеуіштер) бар **жабық ыдыстар** (барабандар).

10.4.1-тармақта сипатталған себептер бойынша сынамаларды тесік (шеттік тесік) арқылы іріктеу қойылтылған сүт оңай ағатын және консистенциясы біркелкі жағдайда ғана лайықты болып табылады. Өзекті шеттік тесік арқылы енгізу, мүмкіндігінше, барлық бағыттарда араластыру үдерісі кезінде ыдыстың ішіндегіні араластыруға жәрдемдеседі.

Өзек алынып тасталады және 10.4.3.1-тармаққа сәйкес әрекет етіледі (сынамаларды араластырғышпен іріктеу).

10.4.3.3 Сыйымдылығы 500 л, қарау тесіші бар **ірі ыдыс**. Бұл рәсім, негізінен, сүтке арналған сынамаларды іріктеу рәсіміне ұқсас (9.3.2.5-тармақты қараңыз).

10.4.3.4 Сатылымда бар ыдыстар

Сыналатын сынама бүлінбеген, ашылмаған ыдыстардан іріктелуге тиіс. Жалпы сынама алынғанға дейін бір немесе одан көп ыдысты алу керек. Сынамалардың

минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат 1-кестеде көрсетілген.

10.5 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз.

11 Сарымай мен сары ірімшікті қоспағанда, жартылай қатты қатты сүт өнімдері

11.1 Қолданымдылық

Осы тармақта келтірілген нұсқаулықтар пудингтерге, десерттерге және ашытылған және ашытылмаған, жартылай қатты, қатты және көбікті, тұрақтандырғыштар қосылған және қосылмаған, заттектерді тұтатын сүт өнімдеріне, жемістерге, жаңғақтар мен басқа да ингредиенттерге, сондай-ақ жалпы сипаттамасы жартылай қатты немесе қатты құрылымды басқа да өнімдерге қолданылады.

11.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

5.1-тармақты қараңыз.

11.2.1 Араластыруға арналған жабдық

9.2.1-тармақты қараңыз.

11.2.2 Сынамаларды іріктеуге арналған қондырғы

9.2.3.1-тармақты қараңыз

11.2.3 Сынамаларға арналған ыдыстар

5.2-тармақты қараңыз. Сынамаларға арналған ыдыстардың сыйымдылығы олар сынамамен толықтай дерлік толтырылған болуға және ыдыстың ішіндегісіне сынақ жүргізу алдында талап етілетін араластыруды жүзеге асыруға мүмкіндік болатындай болуға тиіс.

11.3 Сынамаларды іріктеу

Үлкен ыдыстардан жартылай қатты және қатты сүт өнімдерін іріктеу, атап айтқанда, өнім өте тұтқыр болған немесе ол ерекше әртекті үлестірілген құрамдастардан тұратын жағдайда үлкен қиындықтармен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан араластыруды осы өнімге қойылатын ерекше талаптарды есепке ала отырып жүргізу қажет.

Мүмкіндігінше сатылымда бар ыдыстардың партияларына артықшылық беру керек. Нұсқаулықтың 11.3.2.1 және 11.3.2.2-тармақтарда баяндалған еркеше жағдайларда осы өнімнің нақты сипаттамалары есепке алынуға тиіс.

Сынама, көбіктенуді болдырмай, тікелей араластыра салысымен іріктеледі. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат 1-кестеде көрсетілген.

11.3.1 Сынамаларды микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып әрқашан бірінші кезекте алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық пен ыдыстар 5.1.2-тармақ бойынша өңделеді.

Рәсімдер асептикалық әдістерді қолдана отырып, 11.3.2-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

11.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармақ бойынша өңделуге тиіс.

Талап етілетін өнімнің типі мен кейінгі зерттеулер сынамаларды іріктеуде қолданылатын әдістер үшін шешуші фактор болып табылады.

11.3.2.1 Ыдыстар немесе цистерналар

Өнімді біртектіліктің жеткілікті дәрежесі алынбағанша плунжердің немесе механикалық араластырудың көмегімен араластыру керек. Абайлап, көбіктенуді, шайқалуды, сүт сарысуының бөлінуін және ірі құрамдастарды бүлдірмей арастыру керек (сондай-ақ 9.2.1-тармақты қараңыз).

Егер жеткілікті біртектілікке қол жеткізуде қиындықтар болса, сынамалар жиынтық таңдаулы сынама алу үшін өнімі бар ыдыстың әртүрлі бөліктерінен іріктелуге тиіс. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат 1-кестеде көрсетілген.

Таңбалауда және сынамаларды іріктеу актісінде сынаманың бірнеше таңдаулы сынамалардан тұтатындығы көрсетіледі (4.4-тармақты қараңыз).

11.3.2.2 Сатылымда бар ыдыстар

Бүлінбеген, ашылмаған ыдыстардың ішіндегілер сынама болып табылады. Жалпы сынаманы алу үшін бір немесе одан көп ыдыстарды алу керек. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат 1-кестеде көрсетілген.

Сатуға немесе тұтынуға арналған үлестер іріктелетін үлкен ыдыстарды тұтас алу керек.

11.4 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз. Біртектілікке және судың бөлінуіне теріс әсер ететін қатпарлану әсерінің және тиксотроптың әсердің туындауынан дірілдің әсерін болдырмау үшін сақтық шараларын сақтау қажет.

12 Тағамдық мұздар, шала фабрикат мұздар және басқа да мұздатылған сүт өнімдері

12.1 Қолданымдылық

Осы тармақта баяндалған нұсқаулықтар тағамдық мұздарға, шала фабрикат мұздарға және басқа да мұздатылған сүт өнімдеріне қолданылады.

12.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

5.1-тармақты қараңыз.

12.2.1 Өнімі бар ыдыстың түбіне қол жеткізу үшін ұзындығы жеткілікті **сүзгіш**.

12.2.2 Қасық, пышақ немесе **шпатель**, не **мұзға арналған қалақ**.

12.2.3 Сынамаларға арналған ыдыс, 5.2-тармақты қараңыз.

Сынамаларға арналған ыдыстарды пайдалану алдында кем дегенде 30 минут бойы тиісті түрде суытылған (мысалы, көміртектің қатты диоксидімен) тиісті түрдегі жылу оқшауланған тасымалдау ыдысына салу керек (9.2.3.3-тармақты қараңыз),

12.3 Сынамаларды іріктеу

Өнім үлесі іріктеліп аланатын ыдыстан сынаманы іріктеу минус 12 °С-тан минус 18 °С-қа дейінгі температурада жүзеге асырылады.

Егер сынамаларды іріктеуге арналған өнім тым қатты болса, сынамаға өнімі бір бүкіл ыдыс қабылданады.

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат 1-кестеде көрсетілген.

12.3.1 Сынамаларды микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып әрқашан бірінші кезекте алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық пен ыдыстар 5.1.2-тармақ бойынша өңделеді.

Өңделген қасық, пышақ немесе шпатель (12.2.2-тармақты қараңыз) ыдыстың сынаманы іріктеу аймағынан тереңдігі кем дегенде 10 мм тереңдіктегі орталықта өнімнің беткі қабатын алып тастау үшін пайдаланылуға тиіс. Тиісті көлемдегі сынаманы өңделген құрал-сайманмен алынып тасталған аймақтан іріктеу керек. Қажет болған жағдайда «үстіртін сынаманы» минимальды тереңдікте өңделген қасықтың немесе шпательдің көмегімен сыналатын өнім бетін біртекті қыру жолымен алу керек.

Егер тұтынушыға жеткізілетін өнімнің микробиологиялық жай-күйін зерттеу талап етілсе, сынамаларды іріктеу мақсатында әдетте ұсақтау үшін пайдаланылатын операцияларды қолдану керек.

Сынаманы сынама тікелей орналастырыла салысымен бітелетін сынамаларға арналған өңделген ыдысқа мүмкіндігінше тез ауыстырып салу керек. Ыдысты дереу алдын ала суытылған тасымалдау ыдысына салу керек (12.2.3-тармақты қараңыз).

Рәсімдер, асептикалық әдістерді қолданыла отырып, 12.3.2-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

12.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармақ бойынша өңделуге тиіс.

Сынаманы іріктей салысымен алдын ала суытылған тасымалдау ыдысына салу керек.

Физикалық талдау үшін тек арнайы ыдысты ғана пайдалану керек.

12.3.2.1 Сатылымда бар ыдыстар

Мұздатылған мұздақ кәмпиттерге, көпқабатты және мәрмәр мұздарға арналған ұсақ ыдыстарды қоса алғанда, сатылымда бар ыдыстар.

Сынамаларды оларды талдау жүргізуге дейін күшті мұздатылған күйде сақтай отырып, арнайы ыдыстарда іріктеу және тасымалдау керек.

12.3.2.2 Жайлы мұздату

Жайлы мұздату тікелей мұздатқыш камерадан сатылатын мұзды өнім болып табылады. Егер бөлшек тұтынушыға ұсынылатын өнімнің жай-күйін зерттеу талап етілсе, сынамаларды іріктеу мақсатында әдетте сауда-саттықта ұсақтау үшін пайдаланылатын операцияларды пайдалану керек.

Мұзатқыш камерадағы өнімнің жай-күйіне қатысты ақпарат талап етілген жағдайда, сынаманы тікелей мұздатқыш камерадан іріктеу керек. Бұл мақсатта камерадағы тесікті 5.1.2-тармақ бойынша мұқият тазарту және зарарсыздандыру керек.

Өнімнің жеткілікті мөлшерін алу керек. Сынамаларға арналған ыдыстардың талап етілетін мөлшерін мұздатқыш камерадан біртіндеп толтыру қажет, мұнда камера жұмыс істеп тұруға тиіс.

12.3.2.3 Шала фабрикат мұздар

Шала фабрикат мұздар жағдайында сынамаларды іріктеу (мысалы, тағамдық мұздарды өндіруге арналған концентраттар мен ұнтақтар) 9 және 13-тарауларда сипатталғандай жүзеге асырылады.

12.4 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз. Сақтау және тасымалдау температуралары өнімнің арналу мақсатына және жүргізілетін талдауға байланысты ерекшеленуі мүмкін. Температура минус 18 °С және белгілі бір жағдайларда одан да төмен болуға тиіс.

13 Құрғақ сүт және құрғақ сүт өнімдері

13.1 Қолданымдылық

Осы тармақта баяндалған сынамаларды іріктеу жөніндегі нұсқаулықтар құрамындағы майдың мөлшері әртүрлі құрғақ сүт, құрғақ сүт сарысуы сияқты өнімдерге, сүт нәруызы бар өнімдерге және олардан өндірілетін өнімдерге, копреципиттерге және басқа да құрамындағы сүт нәруызы жоғары ұнтақ тәрізді өнімдерге қолданылады. Осы нұсқаулықтар сондай-ақ ұнтақ тәрізді түрдегі лактозаға да қолданылады.

13-тараудың сынамаларды іріктеу бойынша нұсқаулықтары сусымалы өнімлерге арналған үлкен ыдыстардағы (бункерлердегі) ұнтақ тәрізді өнімдерге қолданылмайды. Мұндай ыдыстардан бүкіл ыдыстың ішіндегі (партияға) қол жеткізу үшін бірқатар жекелеген сынамаларға оларды тиеу және түсіру кезінде іріктеу жүргізу керек.

Атмосфералық ылғалдың әсерін болдырмауға ерекше назар аудару керек.

13.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

5.1-тармақты қараңыз.

13.2.1 Өнімі бар ыдыстың кез келген талап етілетін нүктесіне қол жеткізу үшін ұзындығы жеткілікті **сүзгіштер.**

Сүзгіш тұтастай жалтыратылған тот баспайтын болаттан дайындалуға тиіс. 30 кг дейінгі ыдыстардан сынама іріктеу үшін лайықты сүзгіштер А.5-суретте келтірілген. Басшылыққа алынатын көлемдер А.1-кестеде келтірілген.

Сүзгіштің шығып тұратын тұсы мен А типті нүкте қырғыш ретінде қызмет атқару үшін үшкір болуға және сынамаларды іріктеуді жеңілдетуге тиіс.

13.2.2 Қалық, **қасық** немесе жазық қалағы бар **шпатель**.

13.2.3 Сынамаларды іріктеуге арналған ыдыстар (5.2-тармақты қараңыз).

Сынамаларды іріктеуге арналған ыдыстардың сыйымдылығы олардың төрттен үші сынамамен толтырылған болуға және ыдыстың ішіндегіні сынақ жүргізу алдында сілку жолымен тиісті араластыру жүргізуге мүмкіндік болатындай болуға тиіс.

13.3 Сынамаларды іріктеу

Микробиологиялық зерттеулер үшін сынамаларды іріктеу үдерісінде немесе химиялық және физикалық талдау үшін немесе түйсіктік зерттеулер үшін сынамаларды іріктеуден бұрынғы кезең ішінде өнімі бар ыдыстың ішіндегі заттың атмосфералық ылғалды сіңіруіне жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтау керек.

Өнімі бар ыдыс сынамаларды іріктей салысымен герметикалық түрде тығындалуға тиіс.

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат 1-кестеде көрсетілген

13.3.1 Сынамаларды микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып әрқашан бірінші кезекте алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық пен ыдыстарды, А, В және С әдістерін қолдана отырып, 5.1.2-тармақта сипатталғандай зарарсыздандыру керек. Сондай-ақ алдын ала зарарсыздандырылған (бір рет пайдаланылатын) жабдықты пайдалануға болады. Сынаманы 13.3.2-тармақта сипатталған әдісті пайдалана отырып, мүмкіндігінше ыдыстың орталық бөліген жақын жерден зарасыздандырылған сүзгішпен іріктеу керек. Сынаманы сақтықтың асептикалық шараларын қолға ала отырып дереу тығындауға қажетті сынамаларға арналған зарарсыздандырылған ыдысқа мүмкіндігінше тез ауыстыру керек.

Егер ыдыстағы ұнтақ тәрізді өнімнің жоғарғы қабатының микробиологиялық жай-күйіне қатысты даулау мүмкіндігі туындаса, ең алдымен осы қабаттан арнайы сынама іріктеледі.

13.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармақ бойынша өңделуге тиіс.

Таза құрғақ сүзгіш (13.2.1-тармақты қараңыз) өнім арқылы енуге немесе өтуге тиіс, қажет болған жағдайда ыдыс жанына орналастырылуға тиіс, мұнда кіріс тесік төменге бағытталады және тіпті өту жылдамдығы пайдаланылады.

Сүзгіш ыдыстың қажетті нүктесіне жеткен кезде оны 180 °С-қа бұрып, шығарып алу керек. Оның ішіндегісін сынамаларға арналған ыдысқа ауыстыру керек.

Жүргізілетін мақсаттарды есепке ала отырып, сынаманы сондай-ақ қалақтың көмегімен де іріктеуге болады.

Сынамаларды іріктеу аяқтала салысымен сынамаларға арналған ыдыс тығындалады.

13.3.3 Сатылымда бар ыдыстар

Сынама бүлінбеген, ашылмаған ыдыстарда ұсынылуға тиіс. Сынама алу үшін бір немесе одан көп ыдысты алу керек. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

13.4 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз.

14 Сарымай және аралас өнімдер

14.1 Қолданымдылық

Осы тармақта келтірілген нұсқаулықтар сарымайға, қоспалы сарымайға, жартылай майлы қаймаққа, жартылай майлы сарымайға және ұқсас өнімдерге қолданылады.

14.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

5.1-тармақты қараңыз.

14.2.1 Ұзындығы өнімі бар ыдыстың түбіне дейін қиғаш бағытта өту үшін жеткілікті және көлемі талап етілетін мақсаттарға жетуге лайықты **сарымайға арналған сүзгіштер** (А.7-суретті қараңыз).

Қажет болған жағдайда сарымайға арналған сүзгіштің температурасы іріктелетін

майдың температурасы сияқты болуға тиіс.

14.2.2 Жазық қалақты **шпатель**.

14.2.3 Жеткілікті көлемдегі **пышақ**.

14.2.4 Сынамаларға арналған ыдыс (5.2-тармақты қараңыз).

Сынамаларға арналған ыдыстардың сыйымдылығы сынамалардың көлемдеріне пропорциональ болуға тиіс.

Сынамаларға арналған мөлдір емес ыдыстарды пайдалануға кеңес беріледі. Егер бұл жүргізілетін сынақ үшін талап етілсе, ыдыс айналдырылады немесе алюминий фольгаға салынады (мысалы, фотоқышқылдануды болдырмау мақсатында).

Салмағы 2 кг сынамалар үшін картон қораптар пайдаланылады.

Кейбір жағдайларда, мысалы, майлардың индекстерін анықтау қажет болған жағдайларда, сынамаларға арналған ыдыстар сынамамен немесе инертті газбен толықтай толтырылуы және герметикалық қақпағы болуы тиіс.

14.2.5 Сынамаларға арналған ыдыстар, түйсіктік зерттеулер үшін (5.2-тармақты қараңыз).

Жарамды ыдыстар тиісті түрде тығындауға және алюминий фольганың жеткілікті түрдегі кең табағымен немесе ішінде пергаменті бар пластик жабындымен жабдықтауға болатын картон қораптардан тұрады.

Қораптардың ішкі бөлігі сынамамен толықтай дерлік толтырылуға тиіс.

14.3 Сынамаларды іріктеу

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

14.3.1 Сынамаларды микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып әрқашан бірінші кезекте алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық пен сынамаға арналған ыдыстар 5.1.2-тармаққа сәйкес өңделеді.

Шпатель (14.2.2-тармақты қараңыз) сынамаларды іріктеудің бетінен кем дегенде 5 мм тереңдікке дейін өнімнің жоғарғы қабатын алып тастау үшін пайдаланылады. Рәсімдер асептикалық әдістер пайдаланыла отырып 14.3.2-тармаққа сәйкес жүргізіледі. Қораптың орталық бөлігінен өнімді алған сайын өңделген сүзгішті пайдалану керек.

Бетті микробиологиялық зерттеу үшін сынамаларды іріктеу қойылған мақсаттарды есепке ала отырып ерекше нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

14.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Түйсіктік зерттеулер мен физикалық талдаулар топтамасын жүргізу үшін жеткілікті көлемдегі сынама іріктеліп алынады.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармақ бойынша өңделуге тиіс.

14.3.2.1 1 кг немесе одан аз сиятын **сатылымда бар ыдыстар.**

Сынама бүлінбеген, ашылмаған ыдыстарда ұсынылуға тиіс. Сынама алу үшін бір немесе одан көп ыдысты алу керек. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

14.3.2.2 Ірі партиялармен және қаптамада жеткізілетін өнімдер, салмағы 1 кг артық.

Сарымайға арналған тиісті көлемдегі сүзгіш (14.2.1-тармақты қараңыз) өнім арқылы шеттен қиғаш бағытта өтуге тиіс, мұнда сүзгіштің төменгі бетті тесіп өтпеуін бақылау керек.

Сүзгішті жарты айналымға бұріп, толтырылған өзекшемен бірге шығарып алу керек.

Беттік қабатта ылғалдың шығындалуынан сарымайдың таңдаулы емес үлесін болдырмау үшін өзекшенің 25 мм қалыңдықтағы жоғарғы қабаты алынып тастауы керек.

Өзекшенің қалған бөлігін шпательдің көмегімен сүзгіштен алып тастау және дерек немесе ыдысты фольгаға орағаннан кейін ауыстыру керек. Сарымайдың, сынамаларды іріктеу жүргізілетін үй-жайдың және сарымай үшін пайдаланылатын сүзгіштің температурасы шамамен бірдей болуға тиіс.

Төмен температурада сақталған сарымай сынамасын іріктеу арнайы дағдылар мен сақтық шараларын қажет етеді (14.3.2.4-тармақты қараңыз).

14.3.2.3 2 кг артық көлемдегі сынамаларға арналған **үлкен ыдыстар**.

Сынамаларды үлкен ыдыстардан немесе сынаманың көлемі 2 кг артық болғанда іріктеу үшін сынамаға арналған қорапта кішірейетін өнім кесегін кесіп алу үшін пышақты пайдалану керек (14.2.3-тармақты қараңыз). Тілімді алюминий фольгаға орап, қорапқа салу керек. Кесіп алу және орау кезінде өнімнің кез келген деформациялануын болдырмау керек.

14.3.2.4 Мұздатылған сарымай.

Іріктелетін сарымайдың кесегі мұздатылса (яғни оның температурасы 0 °С-тан төмен болса), май температурасын сарымайға арналған сүзгішті пайдалана отырып, сынаманы іріктеуге мүмкіндік болатындай етіп көтеру керек (14.2.1-тармақты қараңыз).

ЕСКЕРТУ Сарымайдың кесегін мұздатылған тілімнің бұрыштарынан немесе жанынан алып тастау сақтау кезінде тілімдердің жандарынан ылғалдың шығындалуы себебінен таңдаулы емес сынамаларды іріктеуге алып келеді.

Сарымайдың температурасын біршама уақыт кезеңі ішінде температураны бақылай отырып желдетуге арналған камерада сақтау жолымен көтеруге болады. Желдетуге талап етілетін минимальды уақыт тілімнің температурасы мен көлемдеріне, сондай-ақ осы тілім желдетілген температураға (әдетте 0 °С-тан 5 °С-қа дейінгі) байланысты болады.

Желдету кезінде майдың тілімін жылудың берілуіне ықпал ету үшін өзінің сыртқы картон қорабынан алып тастау керек. Сонымен қатар май желдету үдерісінде буландың немесе конденсациялануды есебінен беттік ылғалдың жай-күйінің өзгеруінің алдын алу үшін ішкі пластик ораммен жабылған күйінде қалу керек. Желдетуге арналған камерада тиісті түрдегі ауа ағыны болуға тиіс және айналадағы температура, әдетте, 5 °С-тан 10 °С-қа дейінгі температура ауқымында болуға тиіс. Талап етілетін мақсаттарға арналған қысқатолқынды құрылғыны температураны бақылауы бар желдету камерасына балама ретінде пайдалануға болады.

Егер желдету камерасы болмаса, онда сынамаларды сондай-ақ бөлме температурасында да желдетуге болады.

1-ЕСКЕРТУ Стандартты өнеркәсіптік қысқатолқынды пештерді қолдануға болмайды, өйткені олар тілімде «ыстық нүктелерді» туындатып, осы арқылы майдың жергілікті жерде балқуын тудыруға қабілетті.

2-ЕСКЕРТУ Желдетуге арналған камерада температура 5 °С-тан 10 °С-қа дейін деп санай отырып, салмағы 25 кг, минус 18 °С температурада мұздатылған майдың тілімі үшін оны 0 °С-тан 5 °С-қа дейін желдету үшін талап етілетін уақыт, әдетте, 24-пен 48 сағатқа дейінгі ауқымды құрайды.

14.4 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз.

15 Сүт майы (қорытылған май) және аралас өнімдер

15.1 Қолданымдылық

Осы тармақта баяндалған нұсқаулықтар ылғалсыздандырылған сүт майына, сүт майына, қорытылған майға және ұқсас өнімдерге қолданылады.

15.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық

5.1-тармақты қараңыз.

15.2.1 Ұзындығы өнімі бар ыдыстың түбіне дейін қиғаш бағытта өту үшін жеткілікті және көлемі талап етілетін мақсаттарға жетуге лайықты **сарымайға арналған сүзгіштер** (А.7-суретті қараңыз).

15.2.2 Жазық қалақты **Шпатель**.

15.2.3 Қолмен араластыруға арналған құрылғы (плунжер), 9.2.1-тармақта сипатталған.

15.2.4 Сынама іріктегіш ожау, сыйымдылығы 25 мл-ден 100 млге дейін.

15.2.5 Сынамаларға арналған ыдыс (5.2-тармақты қараңыз).

Сынамаларға арналған ыдыстардың сыйымдылығы олардың толтырылуын және ішіндегі заттың сынақ жүргізу алдында араластыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Кейбір жағдайларда, мысалы, майлардың индексін анықтау қажет болған жағдайларда, сынамаларға арналған ыдыстар толықтай өніммен немесе инертті газбен толтырылуы және герметикалық қақпағы болуы маңызды.

15.3 Сынамаларды іріктеу

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

15.3.1 Сынамаларды микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып әрқашан бірінші кезекте алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де өнімі бар бір ғана ыдыстан алу керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық пен сынамаға арналған ыдыстар 5.1.2-тармаққа сәйкес өңделеді.

Шпатель (15.2.2-тармақты қараңыз) сынамаларды іріктеудің бетінен кем дегенде 5 мм тереңдікке дейін өнімнің жоғарғы қабатын алып тастау үшін пайдаланылады. Асептикалық әдістер пайдаланыла отырып 15.3.2-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

15.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және сынамаларға арналған ыдыс белгілі бір жағдайларда химиялық және физикалық талдау, сондай-ақ түйсіктік зерттеу үшін 5.1.2-тармақта сипатталғандай өңделу керек.

15.3.2.1 1 кг немесе одан аз сиятын **сатылымда бар ыдыстар.**

Сынама бүлінбеген, ашылмаған ыдыстарда ұсынылуға тиіс. Сынама алу үшін бір немесе одан көп ыдысты алу керек. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

15.3.2.2 Ірі партиялармен жеткізілетін өнімдер

15.3.2.2.1 Сұйық өнімдер

Өнімді жеткілікті дәрежедегі біртектілікке қол жеткізгенге дейін плунжердің немесе механикалық араластырудың көмегімен мұқият араластыру керек.

15.3.2.2.2 Қатты өнімдер

Сынамалар 14.3-тармаққа сәйкес іріктеледі.

15.4 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз.

16 Сары ірімшіктер

16.1 Қолданымдылық

Осы тармақта баяндалған рәсімдер сары ірімшіктерге (мысалы, қатты, экстра-қатты, жартылай қатты, жартылай жұмсақ, жұмсақ, балғын сары ірімшіктерге, қышқыл сүтті ақ ірімшікке, тұздықтағы ақ ірімшікке, алдын ала қапталған сары ірімшікке, балқытылған сары ірімшікке, балқытылған сары ірімшікті, тағымдық-дәмдік толтырғыштар қосылған сары ірімшікті дайындауға және сары ірімшікті өнімдерге) қолданылады.

16.2 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық және реагенттер

5.1-тармақты қараңыз.

16.2.1 Нысаны мен көлемі сынамаларына іріктеу жүргізілетін сары ірімшікке лайықты **сары ірімшікке арналған сүзгіштер** (А.6-суретті қараңыз).

16.2.2 Беті жылтыр, қайралған алмасты **пышақ**.

16.2.3 Шпатель.

16.2.4 Көлемі мен ұзындығы жеткілікті **кескіш сым**.

16.2.5 Сынамаларға арналған ыдыстар (5.2-тармақты қараңыз).

16.3 Сынамаларды іріктеу

Сынамаларды іріктеуді нысанына, салмағына және типіне байланысты, А.8.-А.25-суреттерде көрсетілгендей, бүтін сары ірімшікті, қапталған немесе алдын ала қапталған үлестерді немесе секторларды, тілімдерді немесе өзекшелерді іріктеу жолымен жүзеге асырады.

Сынамаларды іріктеуде өнімнің біртекті еместігі назарға алыну керек.

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған қажетті температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз.

Сынаманы іріктей салысымен (өзекті, тілімді, үшбұрышты кесектерді, бүтін шағын сары ірімшікті және т.б.) тиісті көлемдегі және нысандағы сынамаларға арналған ыдысқа салу керек. Сынаманы ыдысқа салу үшін кесектерге кесуге болады, бірақ оны сығымдауға немесе ұнтақтауға болмайды.

Сары ірімшіктің сынамасын алюминий фольгаға, парафинделген қағазға (сары ірімшік қағазы) тығыздалып орап немесе сынамаларға арналған ыдыстың ішіне не сыртына жапсырылған пластик қаптарда сақтау сары ірімшіктің бетінің зеңделуін болдырмаудың қосымша шарасы болып табылады.

Егер басқаша көрсетілмесе және сынаманы іріктеудің қандай әдісін пайдаланса да, сынама сары ірімшіктің кез келген бетін (зең және қабықша сияқты) қамтуға тиіс.

Егер беттік қабатты зерттеу қажеттілігі туындаса (мысалы, беттік микрофлораны зерттеу), белгіленген мақсаттарға сәйкес сынаманы іріктеу жөніндегі арнайы нұсқаулықтарды сақтау керек.

Сынама көбіне өнімді тұтынуға арналған нысанда іріктелед. Тұтыну дағдысы өңірге байланысты ерекшеленеді. Сонымен, сынама сынаманы іріктеу актісінде дәл сипатталуы керек (4.4-тармақты қараңыз).

Сары ірімшікке арналған сынаманы іріктеу актісінің мысалы D қосымшасында келтірілген.

16.3.1 Сынамаларды микробиологиялық зерттеулер үшін іріктеу

Микробиологиялық зерттеулерге арналған сынамаларды асептикалық әдістерді қолдана отырып әрқашан бірінші кезекте алу керек. Кез келген мүмкіндікте оларды химиялық және физикалық талдау үшін де, түйсіктік зерттеу үшін де бір ғана сары ірімшіктен немесе өнімнен (өзекшеден) алу керек.

Беттік сынамаларды алу үшін іріктелетін сынама мөлшері 1-кестеде көрсетілген сынаманың минимальды көлемінен аз болуы мүмкін.

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдық пен сынамаға арналған ыдыстар 5.1.2-тармаққа сәйкес өңделуге тиіс.

Рәсімдер асептикалық әдістер пайдаланыла отырып 15.3.2-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

6.3.2 Сынамаларды химиялық және физикалық талдау, түйсіктік зерттеу үшін іріктеу

16.3.2.1 Балғын сары ірімшіктен және тұздықпен, маймен және т.б. берілетін сары ірімшіктен ерекшенелетін сары ірімшіктің сынамасын іріктеу

16.3.2.1.1 Сынаманы бүтін сары ірімшікті немесе бөлшектелген түрдегі сары ірімшікті іріктеу жолымен іріктеу

Бұл әдіс әдетте шағын сары ірімшіктерге, сары ірімшіктің шағын үлестеріне немесе бөлшектелген сары ірімшіктерге пайдаланылады.

Сынаманы алу үшін жеткілікті сандағы қаптамаларды немесе өнім үлестерін іріктеп алу керек.

Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз. Сынаманы сынамаларға арналған ыдыстағы (пластик қап және т.б.) тұтынушылық қаптамаға салу керек.

16.3.2.1.2 Сынаманы секторларды немесе кесектерді кесіп алу жолымен іріктеу

Сары ірімшіктен кез келген сыртқы орама материалды алып тастау керек. Ішкі орама материалды, мысалы, балауыз немесе пластик үлдірді, қалдыру керек.

Сынаманы жеткілікті көлемдегі пышақтың (16.2.2-тармақты қараңыз) не кескіш сымның (16.2.2-тармақты қараңыз) көмегімен кесу керек. Кесектер мен тілімдер жеткілікті қалыңдықта болуға тиіс.

16.3.2.1.3 Сынаманы өзекшені алу жолымен іріктеу

Сары ірімшіктен кез келген сыртқы орама материалды алып тастау керек. Ішкі орама материалды, мысалы, балауыз немесе пластик үлдірді, қалдыру керек.

Өзекшені, егер талдау тікелей сынаманы іріктей салымен жүргізілмеген болса, алюминий фольгаға, арнайы парафинделген қағазға (сары ірімшік қағазы) тығыздалып орап немесе жапсырылған пластик қаптарға олар сынамаларға арналған ыдысқа салынбастан бұрын орау керек.

16.3.2.1.3.1 Беттік қабаттан тұратын сынама

Көлемі жеткілікті сары ірімшікке арналған сүзгіш (16.2.1-тармақты қараңыз) сары ірімшікке салу керек. Сүзгішті бір толық айналымға бұрап, өзекшеден шығарып алу керек.

Пышақтың көмегімен (16.2.2-тармақты қараңыз) бүкіл өзекшені сынамаларға арналған ыдысқа (16.2.5-тармақты қараңыз) ауыстыру керек. Осы рәсімді қажетті көлемдегі сынама алғанша қайталау қажет. Ыдыстың тесігін лайықты герметизациялайтын материалмен тығындау керек.

16.3.2.1.3.2 Беттік қабаттан тұрмайтын сынама

Диаметрі сынама іріктегіш сүзгішке қарағанда үлкен сары ірімшікке арналған сүзгішті сары ірімшікке шамамен 25 мм тереңдікке енгізу керек. Сүзгішті толық бір айналымға бұрау керек. Алынған қысқа өзекшені лақтырып тастамау керек, жеке сақтап, кейін өзекшенің тесігін жабу үшін пайдалану керек.

Ұзындығы жеткілікті кіші сынама іріктегіш сүзгішті өзектің тесігі арқылы ашылатын сары ірімшіктің ішкі беті арқылы енгізу керек. Сүзгішті бір толық айналымға бұрап, өзекшеден шығарып алу керек. Пышақтың көмегімен (16.2.2-тармақты қараңыз) бүкіл өзекшені сынамаларға арналған ыдысқа (16.2.5-тармақты қараңыз) ауыстыру керек. Осы рәсімді қажетті көлемдегі сынама алғанша қайталау қажет. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз. Өзекшенің тесігі бірінші сыртқы өзекшені қою жолымен жабылады.

6.3.2.2 Балғын сары ірімшіктің сынамасыни іріктеу

Балғын сары ірімшіктің сынамасын іріктеу үшін ыдыстар бүлінбеген және ашылмаған болуға тиіс. Ыдыстарды талдау жүргізудің алдынан басқа кезде ашпау керек.

Сынаманы алу үшін сынамаларға арналған ыдыстардың жеткілікті санын алу қажет. Сынамалардың минимальды мөлшерлері мен сынамаларды іріктеуге арналған лайықты температуралар туралы ақпарат алу үшін 1-кестені қараңыз. Үлестер іріктелетін ыдыстарды тұтас алу керек.

16.3.2.3 Тұздықпен, маймен және т.б. берілетін сары ірімшіктің сынамасын іріктеу

Сары ірімшіктің осы түрінің сынамасын іріктеуді, 1-кестеде көретілгендей, әрқайсысы сынаманың минимальды көлеміндей фрагменттерді алу жолымен жүргізу керек.

Сақтау үдерісінде, атап айтқанда, тұздықта сақтағанда сары ірімшіктің құрамы уақыт пен температураға байланысты өзгереді. Сынақ зертханасы сынаманың құрамында тұздық, май және т.б. болуға тиіс пе жоқ па соны белгілеуге тиіс. Әдетте, тұздық, май және басқа да ингредиенттер сынамамен бірге іріктеледі. Мүмкіндігінше сары ірімшік пен сұйықтықтың бастапқы арақатынасы сақталуға тиіс, мұнда сұйықтық сары ірімшікті толықтай жауып тұруға тиіс.

Егер тұздық қосылған болса, тұздықтың сары ірімшікті толықтай жауып тұратын жеткілікті мөлшерін алу қажет. Егер тұздық қосылмаса, сары ірімшік пен сары ірімшіктің фрагменттерін сүзгілегіш қағазбен құрғатып, сынамаларға арналған ыдысқа салу керек.

Сынақ зертханасы сынаманы сақтау немесе тасымалдау керек температураны белгілеуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ Сынамаларды іріктеу актісінде сынаманың тұздықпен немесе тұздықсыз, маймен және т.б. іріктелгендігі көрсетіледі.

16.4 Сынамаларды консервілеу, сақтау және тасымалдау

7 және 8-тарауларды қараңыз.

А қосымшасы
(ақпараттық)


Сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтар мен аспаптардың мысалдары және сынамаларды іріктеудің нысандары

А.1 Сынамаларды іріктеуге арналған жабдықтың мысалдары

А.1.1 Араластырғыштар (плунжерлер)


А.1 және А.2-суреттерді қараңыз.

Көлемдері миллиметрмен берілді



А.1-сурет – Канистралар мен шелектерге арналған ұсынылатын араластырғыш (плунжер)

Көлемдері миллиметрмен берілді




А.2-сурет – Автожол, теміржол және фермерлік цистерналарға арналған ұсынылатын араластырғыш

А.1.2 Сынама іріктегіш ожаулар

А.3-суретті қараңыз

А.1.3 Араластырғыштар


А.4-суретті қараңыз
Көлемдері миллиметрмен берілді



a ≥ 50 мл

А.3-сурет – Сұйықтықтарға арналған сынама іріктегіш ожау

Көлемдері миллиметрмен берілді




А.4-сурет – Бөшкелердегі қойылтылған қантты сүтті араластыруға арналған араластырғыш

А.1.4 Сүзгіштер

А.1.4.1 Құрғақ сүттің сынамасын іріктеу

А.5-суретті және А.1-кестені қараңыз

Көлемдері миллиметрмен берілді



А типі

В типі


А.5-сурет – Құрғақ сүттің сынамаларын алуға арналған сүзгіштер (А.1-кестені қараңыз)

А.1-кесте – Сүзгіштер

Параметрлердің атаулары	А типі (ұзын), мм	В типі (қысқа), мм
Қалақтың ұзындығы	800	400
Қалақ металының қалыңдығы	1-2	1-2
Ұштағы қалақтың ішкі диаметрі	18	32
Тұтқаның жанындағы қалақтың ішкі диаметрі	22	28
Ұштағы жарықтың ені	4	20
Тұтқаның жанындағы жарықтың ені	14	14

А.1.4.2 Сары ірімшіктің сынамаларын іріктеу

А.6-суретті және А.2-кестені қараңыз



Көлемдері миллиметрмен берілді

А.6 – Сары ірімшіктің сынамаларын іріктеуге арналған сүзгіш (А.2-кестені қараңыз)


А.2-кесте – Сары ірімшіктің сынамаларын іріктеуге арналған сүзгіштер

Параметрлердің атауы	А типі (ұзын), мм	В типі (орташа), мм	С типі (қысқа), мм
Қалықтың ұзындығы, a	540	150	1
Қалақтың ортасындағы металдың минимальды қалыңдығы, b	1,5	0,9	2
Қалақтың соңынан 15 мм арақашықтықтағы минимальды қарсы ені, c	17	14	5 7

А.1.4.3 Сарымайдың сынамаларын іріктеу

А.7-суретті және А.3-кестені қараңыз

Көлемдері миллиметрмен берілді




А.7-сурет – Сарымайдың сынамаларын іріктеуге арналған сүзгіш (А.3-кестені қараңыз)

А.3-сурет – Сарымайдың сынамаларын іріктеуге арналған сүзгіштер


Параметрлердің атауы	А типі (ұзын), Мм	В типі (орташа), мм	С типі (қысқа), мм
Қалақтың ұзындығы, a	540	220-260	1
Қалақтың ортасындағы металдың минимальды қалыңдығы, b	1,8	1,5	2
Қалақтың соңынан 15 мм арақашықтықтағы минимальды қарсы ені, c	17	17	5
ЕСКЕРТУ Әдетте, В типтегі сүзгіштер пайдаланылады. Жекелеген жағдайларда А (ұзын) және С (қысқа) типтерді де пайдалануға болады.			

А.2 Сынамаларды іріктеу көрсетілген суреттер


Сынамалардың нысандары А.8-А.25-суреттерде көрсетілді




А.8-сурет – Цилиндр пішінді жалпық сары ірімшіктің сынамасын сары ірімшіктің бір үшбұрышты кесегін кесіп алу жолымен іріктеу




А.9-сурет – Сынамаларды сары ірімшіктің екі үшбұрышты кесегін кесіп алу жолымен іріктеу




А.10-сурет – Сфера нысанды, сондай-ақ жандары жайпақ сары ірімшік сынамасын сары ірімшіктің үшбұрышты кесегін кесіп алу жолымен іріктеу




А.11-сурет – Тікбұрышты немесе салмағы 3 кг-нан 5 кг-ға дейінгі, үлкен беткі жағы тікбұрышты, бірақ шаршы емес бөлке пішінді сары ірімшіктен кесек кесіп алу жолымен сынама іріктеу




А.12-сурет - Тікбұрышты немесе салмағы 10 кг-нан 20 кг-ға дейінгі, үлкен беткі жағы тікбұрышты, бірақ шаршы емес бөлке пішінді сары ірімшіктен кесек кесіп алу жолымен сынама іріктеу




А.13-сурет - Тікбұрышты немесе салмағы 10 кг-нан 20 кг-ға дейінгі, үлкен беткі жағы тікбұрышты, бірақ шаршы емес бөлке пішінді сары ірімшіктен кесек кесіп алу жолымен сынама іріктеу




А.14-сурет – Үлкен беткі жағы шаршы, тікбұрышты нысанды сары ірімшіктен кесек кесіп алу жолымен сынама іріктеу




А.15-сурет – Сары ірімшіктің төрттен көп блогы бар ыдыстардан тұздықтағы сары ірімшіктің сынамасын іріктеу




А.16-сурет – Бір рет кесек кесіп алу жолымен сынама іріктеу




А.17 – Сынамаларды сүзгіштің көмегімен іріктеу




А.18-сурет – Сүзгіштің көмегімен цилиндрлік нысандағы жалпақ сары ірімшіктен жанындағы беті арқылы сынама іріктеу




А.19-сурет – Сүзгіштің көмегімен бұрыш арқылы цилиндрлік нысандағы қалың сары ірімшіктен санама іріктеу, мұнда сүзгіш өнімге жоғары арқылы өтеді




А.20-сурет – Сүзгіштің көмегімен цилиндрлік нысандағы жалпақ сары ірімшіктен сынама іріктеу




А.21-сурет – Сүзгіштің көмегімен цилиндрлік нысандағы сары ірімшіктің жоғарғы басынан сынама іріктеу




А.22-сурет – Сүзгіштің көмегімен сфера нысанындағы, сондай-ақ жандары жайпақ сары ірімшіктен сынама іріктеу



А.23-сурет – Сүзгіштің көмегімен текше нысанындағы сары ірімшіктен сынама іріктеу



А.24-сурет – Сүзгіштің көмегімен тікбұрышты нысандағы сары ірімшіктен сынама іріктеу



А.25-сурет – Сүзгіштің көмегімен тікбұрышты нысандағы (немесе бөлке нысанындағы) сары ірімшіктен сынама іріктеу

В қосымшасы
(ақпараттық)

Тағам өнімдерінің суытылған, мұздатылған және тез мұздатылған сынамаларын тасымалдауға арналған жылуоқшауланған ыдыс

В.1 Жалпы ережелер

Осы қосымша тағам өнімдерінің суытылған, мұздатылған және тез мұздатылған сынамаларын сақтауға арналған жылуоқшауланған ыдыстарды сынамаларды іріктеу орнынан сынақ зертханаларына іріктеу кезіндегі сынамалардың жай-күйі айтарлықтай өзгермейіндей етіліп тасымалдау кезінде жобалау мен құрылымдау жөніндегі ұсынымдардан тұрады.

Сипатталған ыдыстың оқшаулағыш әсерін бағалау бойынша сынақ В.3-суретте келтірілді.

Сынамаларға арналған оқшауланған ыдыстарды пайдаланушылар жүйелі түрде өлшенуге және сынамалардың температурасының практикалық жағдайдарда тасымалдау үдерісінде өзгеруі тиісті жабдықты (мысалы, Pt 100 термометр) пайдалана отырып тіркелуге тиіс.

Пельте элементтерін пайдалатын құрылғылар сияқты белсенді суытқыштары бар жолаушылар автомобильдерінің батареяларымен жалғау үшін суытуға арналған техникалық жағынанбарынша күрделі құрылғыны пайдалану оқшауланған контейнерді пайдалануға лайықты балама болуға тиіс.

В.2 Талаптар

ЕСКЕРТУ Тиісті түрде оқшауланған тасымалдау ыдысын сынаудың шарттары ретінде айналадағы 30 °С температура таңдалды. Бұл сынақтың шарты ғана. Егер тасымалдау ыдысы қоршаған ортаның барынша жоғары температурасындағы салаларды пайдаланылса, сынаудың барынша жоғары температурасын таңдау керек. Тағам өнімдерінің сынамасы мен суытқыш заттек санының арақатынасы осы шарттарға бейімдендірілуге тиіс.

В.2.1 Өнімдердің топтары

В.2.1.1 А тобы, бастапқы температуралық ауқымы 0 °С-тан + 4 °С-қа дейін.

Оқшауланған тасымалдау ыдысында 24 сағат бойы сақтау кезінде [айналадағы температура (30 ± 1) °С] А тобы өнімдерінің температурасы 0 °С-тан төмен түспеуге және 5 °С-тан жоғары көтерілмеуге тиіс.

В.2.1.2 В тобы, алдын ала минус 18 °С-қа дейін немесе одан төмен суытылған.

Оқшауланған тасымалдау ыдысында 24 сағат бойы сақтау кезінде [айналадағы температура (30 ± 1) °С] В тобы өнімдерінің температурасы 18 °С-тан аспауға тиіс.

В.2.2 Тасымалдау ыдысы

Белгілі бір өнімдерге және (немесе) талдаудың белгілі бір түрлеріне ғана арналып құрастырылған барлық ыдыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келудің қажеттілігі туындамауы мүмкін.

В.2.2.1 Материалдар

Ыдыстың материалы:

а) денсаулыққа зиян келтіруге қабілетті, іріктелетін сынамаларға түсуі мүмкін кез зиянды заттектердің келген миграциялану түріне төзімді болуға тиіс;

в) сынамалардың иісі мен дәміне әсер етпеуге тиіс;

ЕСКЕРТУ Осы критерийлерді сынауға арналған тағам өнімдерінің (мысалы, майдың) сынамасын пайдалана отырып ISO 22935-2|IDF 99-2 [7] және ISO 22935-3|IDF 99-3 [8] стандарттарына сәйкес сынауға болады.

c) оқшаулағыш материалды қоспағанда, тоттануға төзімді болуға тиіс;

d) мөлдір болмауға тиіс;

e) тасымалдау кезінде қаптама бүлінуі мүмкін болғандықтан, ыдыстың материалы:

1) оқшаулағыш материалды қоспағанда, үйкеліске төзімді болуға тиіс;

2) сынамалармен жанасатын материалдары қанықкан буға және минус 20 °С-тан төмен температураға төзімді болуға тиіс;

3) ішкі беттердің материалдары және А және В типті тасымалдау ыдысының оқшаулағыш материалы 60 °С-тан төмен температураға төзімді болуға тиіс;

4) тағам өнімдерін өндіру практикасында қолданылатын жуғыш және залалсыздандырғыш құралдарға төзімді болуға тиіс.

В.2.2.2 Дизайн және құрылым

Дизайн және құрылым тасымалдау ыдысы:

a) соққыдан бұзылуға төзімді және жалпы жүк тасымалдау кезінде кеңістікке тұрақты болатындығына;

b) иіс пен сұықтықтар өтпейтіндігіне;

c) жылтыр сыртқы және ішкі беттері болатындығына, кеуек болса сызаттар мен жарықтары болмайтындығына, оңай тазартылып, залалсыздандырылатындығына;

d) өнім топтарына байланасты В.3-кестеде сипатталған тиісті сынақ талаптарына сәйкес келетін оқшаулаумен жабдықталғандығына;

e) ауыстырылатын оқшаулағыш материалмен жабдықталғандығына;

f) құрғақ мұзды пайдаланғанда қысымның атмосфералық қысымнан жоғары көтерілуіне жол берілмейтіндігіне кепілдік беруге тиіс.

В.2.3 Суытатын заттектер

Егер оның сынамаға теріс әсері болдырылмайтын болса, суытқыш зат ретінде ұнтақталған мұзда пайдалануға жол беріледі.

В.2.3.1 Суытқыш элементтер

Кеңістіктік тұрақты суытқыш элементтер натрий хлоридінің ерітіндісімен толтырылған пластиктен жасалған. Оның беті әдетте тағам өнеркәсібінде қолданылатын жуғыш және залалсыздандырғыш құралдардң әсеріне төзімді болуға тиіс және сынамалардың иісі мен дәміне әсер етпеуге тиіс (сыртқы иістер ешқандай сіңірілмеуге тиіс).

Тағам өнімдерінің жергілікті үсіп кетуін болдырмау үшін салмағы 200 г шағын суытқыш элементтер ірі суытқыш элементтерге қарағанда тиімдірек болып табылады. Үй шаруашылығында және шатыр лагерьде қолдануға арналған, сатылымда бар суытқыш элементтер, әдетте, осы стандарттың талаптарын қанағаттандырады. Олардың жарамдылығы алдын ала сынақтар жүргізу жолымен анықталады.

В.2.3.2 Құрғақ мұз (қатты CO_2)

Үлкен кесектер және кубиктер пішініндегі құрғақ мұзды барынша дәл өлшеуді қамтамасыз ету үшін алдымен ұнтақтау керек.

ЕСКЕРТУ Құрғақ мұз сатылымда болады. Лайықты қосалқы жабдықтың көмегімен құрғақ мұз шығып тұратын түтіктерден көміркышқыл газы бар баллондардан алынуы мүмкін.

В.3 Оқшауланған тасымалдау ыдыстарының оқшаулағыш әсерін сынау

В.3.1 А тобының өнімдері

В.3.1.1 Жабдық

В.3.1.1.1 (30 ± 1) °С температурада жұмыс істейтін тасымалдау ыдысына сыятын тиісті көлемдегі **құрғатқыш шкаф** немесе **пеш**.

В.3.1.1.2 Өзекшеде және сыналатын тағам өнімінің шетінде орналастырылған өлшеу құралдарынан тұратын (мысалы, Pt 100 термометрінен) **температураны өлшеуге арналған жабдық** және өлшенетін шамаларды жазып алуға арналған осы датчиктерге жалғанған жазып алатын құрылғысы бар өлшеу құрал-сайманы. 0 °С-тан 20 °С-қа дейінгі температураларда температураны өлшеуге арналған жабдық ± 0,5 °С дәлдікпен өлшеу жүргізуге мүмкіндік беруге тиіс.

В.3.1.1.3 Суытқыш элементтер (В.2.3.1-тармақты қараңыз).

В.3.1.1.4 Сынаманың ұқсас түрлері бар қаптамадан алынған **сыналатын тағам өнімдері** (мысалы, йогурт және сүт).

ЕСКЕРТУ Сыналатын қаптамалар да (ISO 5155 [2]) осы мақсатқа лайықты саналады.

В.3.1.2 Рәсім

Алдын ала 0 °С-тан 4 °С-қа дейінгі температурада суытылған сыналатын тағам өніміне өлшеу құралдарын өзекшенің температурасын және қаптаманың ішкі қабырғасына тікелей шектес аймақтың температурасын өлшеуге болатындай етіп орналастыру керек.

Датчиктерді жазып алатын құралдармен жалғау керек. Содан кейін сыналатын тағам өніміне алдын ала шамамен минус 18 °С-қа дейінгі температурада суытылған сыналатын элементтерді (В.2.3.1-тармақты қараңыз) қосу керек.

Сыналатын тағам өнімінің мөлшеріне және ішкі кеңістіктің көлемдеріне (С.1-тармақты қараңыз) сәйкес келетін суытқыш заттектің мөлшерін пайдалану керек.

Тасымалдау ыдысын жауып, В.3.1.1.1-тармақта көрсетілген, температурасы (30 ± 1) °С-та ұсталып тұратын құрғатқыш шкафқа (немесе пешке) ауыстыру керек. Ыдысты шкафта 24 сағат бойы ұстау керек. Сынау ішінде температураны үздіксіз өлшеп, жазып алып отыру керек.

Сынақ үдерісі кезінде сыналатын тағам өнімінің температурасы 0 °С-тан төмен түспеуге керек. Егер температура осы мәннен бәрібір түсетін болса, сынақты үзіп, сыналатын тағам өнімі мен суытқыш заттектің әртүрлі арақатынасын пайдалана отырып қайталау керек.

В.3.2 В тобының өнімдері

В.3.2.1 Жабдық

В.3.2.1.1 Құрғатқыш шкаф немесе **пеш** (В.3.1.1.1-тармақты қараңыз).

В.3.2.1.2 Минус 50 °С-тан минус 100 °С-қа дейінгі температураны ± 1 °С дәлдікпен өлшеуге лайықты бір өлшеуіш датчик пен бір индикатордан немесе осындай тиімділігі бар тиісті түрдеші басқа жабдықтан тұратын **температураны өлшеуге арналған жабдық**.

В.3.2.1.3 Ішкі аймақтарда температураға өлшеу жүргізуге мүмкіндік беру үшін сыналатын мұздатылған тағам өнімін тесіп өтуге қабілетті **бұрғы** немесе соған ұқсас құрал-сайман.

В.3.2.1.4 Құрғақ мұз (В.2.3.2-тармақты қараңыз).

В.3.2.1.5 Сыналатын тағам өнімі. Әдетте сынамаларды іріктеу үшін пайдаланылатын қаптамаларды сыналатын тағам өнімі үшін (мысалы, мұздатылған немесе тез мұздатылған тағам өнімдері) пайдалану керек.

В.3.2.1.6 Оқшаулағыш материал немесе құрғақ мұз бен сыналатын тағам өнімі арасында тікелей түйісуді болдырмауға арналған қабықшалар, мысалы, пенопластың жалпақ табақтары, пластик табақтар.

В.3.2.2 Рәсімдер

Тасымалдау ыдысына құрғақ мұздың сыналатын тағам өнімінің мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерін енгізу керек.

Алдын ала минус 18 °С-тан төменгі температураға дейін суытылған сыналатын тағам өнімінде терендігі 10 мм тесік жасау керек және оны тасымалдау ыдысына ол құрғақ мұздан қалыңдығы кем дегенде 10 мм оқшаулағыш материалдың қабатымен В.3.2.1.6-тармағына сәйкес оқшауланатындай етіп салу керек.

Әрі қарай тасымалдау ыдысын жауып, (30 ± 1) °С температураға қойылуға тиіс құрғатқыш шкафқа (немесе пешке) (В.3.1.1.1-тармағын қараңыз) ауыстыру керек. Тасымалдау ыдысын құрғатқыш шкафта (немесе пеште) 24 сағат бойы ұстап тұру керек. Осы уақыт өткеннен кейін тасымалдау ыдысын құрғатқыш шкафтан (немесе пештен) шығарып алып, ашу керек және В.3.2.1.2-тармақта көрсетілген, температураны өлшеуге арналған жабдықтың көмегімен жасалған тесікте басым болатын температураны іле-шала өлшеу керек.

С қосымшасы
(ақпараттық)

Оқшауланған тасымалдау ыдыстарын пайдалануға қатысты қосымша ақпарат

С.1 Тағам өнімдерінің сынамалары

Тағам өнімдерінің сынамасы мен суытқыш заттектің тиісті түрдегі арақатынасы төмендегілер сияқты тиісті тасымалдау шарттарына байланысты болады:

a) ішкі кеңістіктің толтырылу дәрежесі;

b) тасымалдау уақыты;

c) қоршаған ортаның күтілетін орташа температурасы;

d) тағам өнімі сынамасының табиғаты.

Арақатынасты алдын ала сынақтарда шамамен бағалау керек.

Басшылық ретінде лайықты тасымалдау ыдысымен жасалған сынақтардың нәтиіжесі алынуы мүмкін, ол үшін картонме қапталған (3 × 1) л сүт үшін (майдың үлесі 3,5 %) В.3.1-тармағын қанағаттандыру үшін жалпы салмағы 1800 г алдын ала суытылған суытқыш элементтер қажет.

С.2 Тасымалдау

Мұздатылған және тез мұздатылған сынамаларды тасымалдау жағдайында құрғақ мұздың артық мөлшері тағам өнімдері сынамаларының қатты үсіп кетуіне (мысалы, минус 30 °С-тан төмен температураға дейін) алып келмейтіндігіне көз жеткізу үшін алдын ала сынақтар жүргізу қажет.

С.3 Сынау

Құрғақ мұзбен 1 апта бойын суытылатын мұздатылған сынамаларды сақтауды қамтитын сынақтар жүргізу кезінде микробиологиялық зерттеулерге әсер етуі мүмкін pH мәнінің ешқандай айтарлықтай төмендеуі байқалуы мүмкін емес. Бұл сынаманы тасымалдауға дейін герметикалық қаптамамен жабдықтаудың қажеттілігі жоқ екендігін білдіреді.

D қосымшасы
(ақпараттық)

Сары ірімшік мысалында сынамаларды іріктеу актісі[1)]

Сынамаларды іріктеудің ссы актісі сары ірімшік үшін келтірілген, алайда оны басқа да сүт өнімдері үшін шаблон ретінде пайдалануға болады.

Сынама

Сәйкестік нөмірі

Сынаманың сипаттамасы

Партия/код/таңбалау

Сақтау мерзімінің біту күні

Түр/сары ірімшіктің сақталған уақыты

Сары ірімшіктің беті (барлық лайықты тармақтарды белгілеңіз) □ қабықсыз □ қабықты □ қабықты шырышты

□ жабынды-сы бар □ жабынды типі

Сынамалар саны

Сынаманың салмағы (шашамен)

Қаптама (барлық лайықты тармақтарды белгілеңіз) □ алдын ала қапталған □алюминий

□ вакуумді □ ауа құрамы түрлендірілген

□ пластик

Сынамаларды іріктеу көзі

Орны

Күні

Өңір

Өндірушінің/сатушының/қаптаушының

тегі/ мекенжайы

Сынамаларды іріктеу уақыты (міндетті)

Зертхана/сынама жіберілуі тиіс орын

Сынамаларды іріктеуді жүзеге асырған тұлғаның тегі

Сынамаларды іріктеуді жүзеге асырған тұлғаның лауазымы

Қолы

Куәгердің тегі

Куәгердің лауазымы

Бірінші қолда растаған адамның қолы

Сынамаларды іріктеу

Тиісті шарттар/жағдайлар


(температура/ылғалдылық)

Консервіленетін заттек

Сынамаларды іріктеуге арналған жабдықты □ тұлға, □ зертхана □ басқалар

залалсыздандырды сынамаларды іріктеуді жүзеге асырған

Сынамаларды іріктеу әдісі (барлық қолданылатындарын белгілеңіз, ерекшеліктерін белгілеңіз) басқа


150
60°

Сынамаларды іріктеудің егжей-тегжейі

Сынама шырыштар тұра ма?	□ иә	□ жоқ
Сынама қабықтан тұра ма?	□ иә	□ жоқ?
Егер жоқ болса, қанша миллиметр қабық кесіп алынды?	□ иә	□ жоқ
Сынамалар ұнтақталған ба?		

Сынамаларды дайындау (сынаманың үлесін дайындау)

Жоғарыда аталған сынамалар талдау үшін қалай дайындалды?

□ бетті қоса алғанда

□ ..... мм бетті алып тасау арқылы, бұл бастапқы сынама салмағының %-ын алып тастағанға тең

□ төмендегі жабдықтың көмегімен ұнтақталған сынама:

□ өңдеудің басқа да әдістерін жүргізе отырып, атап айтқанда

---

1) Сынамаларды іріктеу актісі сынамаларды іріктеуге қатысушы тараптар арасындағы келісім ретінде қарастырылған жағдайда (4.1-тармақтың ескертпесін қараңыз), онда оған осы стандартта көзделген қосымша ережелер енгізілуі мүмкін.

Библиография

[1] ISO 78-2:1999, Chemistry – Layouts for standards – Part 2: Methods of chemical analysis (Химия. Стандарттардың құрылымы. 2-бөлім. Химиялық талдау әдістері.)

[2] ISO 5155, Household refrigerating appliances – Frozen food storage cabinets and food freezers – Characteristics and test methods (Тұрмыстық тоңазытқыш жабдық. Мұздатылған өнімдерді сақтауға арналған шкафтар. Тағам өнімдеріне арналған тоңазытқыштар. Сынақтардың сипаттамалары мен әдістері.)

[3] ISO 5538|IDF 113, Milk and milk products – Sampling – Inspection by attributes (Сүт және сүт өнімдері. Сынамаларды іріктеу. Сапалық белгілері бойынша бақылау.)

[4] ISO 7218, Microbiology of food and animal feeding stuffs – General requirements and guidance for microbiological examinations (Тағам өнімдері мен жануарларға арналған азық микробиологиясы. Микробиологиялық зерттеулер бойынша жалпы талаптар және ұсынымдар.)

[5] ISO 8197 (IDF 136A), Milk and milk products – Sampling – Inspection by variables (Сүт және сүт өнімдері. Сынамаларды іріктеу. Сандық белгілері бойынша бақылау.)

[6] ISO/IEC 17025, General requirements for the competence of testing and calibration laboratories (Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.)

[7] ISO 22935-2|IDF 99-2, Milk and milk products –Sensory analysis – Part 2: Recommended methods for sensory evaluation (Молоко и молочные продукты. Органолептический анализ. Часть 2. Рекомендованные методы сенсорной оценки.)

[8] ISO 22935-3|IDF 99-3, Milk and milk products –Sensory analysis – Part 3: Evaluation of compliance with product specifications for sensory properties by scoring (Сүт және сүт өнімдері. Түйсіктік талдау. 3-бөлім. Түйсіктік қасиеттерді есептеу жолымен анықтау үшін өнімге арналған техникалық шарттарға сәйкестікті бағалау.)

[9] INTERNATIONAL DAIRY FEDERATION. Guidelines for sampling equipment and data collection on milk collecting tankers. Bull. Int. Dairy Fed., 1990, (252), pp. 35-48 (Халықаралық сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының федерациясы. Сынамаларды іріктеуге және сүт цистерналарына арналған деректерді жинауға арналған жабдық жөніндегі басшылыққа алынатын ережелер. Bull., Int. Dairy Fed., 1990, (252), 35-48-беттер.)

[10] RAMSEY, M.H. and ELLISON, S.L.R., editors. Measurement uncertainty arising from sampling — A guide to methods and approaches. EURACHEM, Teddington, 2007. 102 p. (EURACHEM/CITACGuide.) Available (2008-03-19) at:gost.e-ecolog.ru (Ramsey, M.H. және Ellison, S.L.R. редакциясымен. Сынамаларды іріктеуге байланысты өлшеулердің екіұштылығы – Әдістер мен тәсілдер жөніндегі басшылық. EURACHEM, Teddington, 2007. 102-бет. (EURACHEM/CITAC басшылығы). gost.e-ecolog.ru сілтемесі бойынша (19-03-2008) қолжетімді.

[11] СТ РК 1.9-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Халықаралық, өңірлік және шетелдердің ұлттық стандарттарын, басқа да нормативтік құжаттарды Қазақстан Республикасындағы стандарттау бойынша қолдану тәртібі.

Д.А қосымшасы
(ақпараттық)

Мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттардың халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер

Халықаралық стандарттың белгіленуі	Сәйкестік дәрежесі	Мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттардың белгіленуі
ISO 7002:1986 Ауылшаруашылық тағам өнімдері – Сынамаларды партиядан іріктеудің стандартты әдісінің сұлбасы	NEQ	ГОСТ 13928-84 Сүт және дайындалатын кілегей. Қабылдау ережелері, сынамаларды іріктеу әдістері және оларды талдауға дайындау
	NEQ	ГОСТ 26809-86 Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережелері, іріктеу әдістері және сынамаларды талдауға дайындау

ӘЖК 001.4:637.1/.2/.3:006.354 **МКС** 01.040.67 67.100

Тірек сөздер: сүт, сынамаларды іріктеу

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МОЛОКО И МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ

Руководство по отбору проб

СТ РК ИСО 707-2011

(ISO 707:2008, IDT)

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 20 ноября 2011 года № 636-од

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO 707:2008 Milk and milk prodakts – Guidance and campling (Молоко и молочные продукты. Руководство по отбору проб). Уточняющая информация, имеющая справочных характер по тексту выделена курсивом

Международный стандарт разработан техническим комитетом ISO/ТК 34 «Пищевые продукты», Подкомитетом ПК 5 Молоко и молочные продукты и Международной федерацией предприятий молочной промышленности. (IDF)

Перевод с английского языка (en).

Официальные экземпляры международных стандартов, на основе которого подготовлен настоящий стандарт и на которые даны ссылки, имеются в Государственном фонде технических регламентов и стандартов Комитета технического регулирования и метрологии МИНТ РК.

Степень соответствия – идентичная (IDT).

Сведения о соответствии государственных стандартов ссылочным международным стандартам приведены в Приложении Д.А.

4 В настоящем стандарте реализованы положения

«О безопасности пищевой продукции» от 21 июля 2007 года № 301-III,

«О защите прав потребителей» от 4 мая 2010 года № 274-IV,

«О техническом регулировании от 9 ноября 2004 года № 603-II,

и технического регламента «Требования к безопасности молока и молочной продукции», утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 11 марта 2008 года № 230 (с изменениями по состоянию на январь 2010 года)

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2016 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации Республики Казахстан», а текст изменений - в ежемесячных информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Государственные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан

Содержание

1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	1
3 Термины и определения	2
4 Общие положения	2
